



АҚОРДА



НАШАҚОРЛЫҚ ҰЛТ САУЛЫҒЫНА ҚАТЕР ТӨНДІРЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Жиында нашақорлық күрделі әлеуметтік және құқықтық құбылыс ретінде қарастырылып, наркотизмге қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланды.

Кенесте Ішкі істер министрі Ержан Сәденовтің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаевтың, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың және Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Әлимановтың баяндамалары тыңдалды.

Мемлекет басшысының айтуынша, бұл әлеуметтік кеселдің белең алуына қатысты ахуал елімізде де, халықаралық ауқымда да аландатарлық жағдайға жетті.

— Наркотизм — заманның дерті, қоғам үшін аса қауіпті. Ол жастардың болашағына балта шабады. Ұлт саулығына қатер төндіреді. Нашақорлық пен есірткі бизнесіндегі әлемдік үрдіс аландатарлық сипатқа ие болды. Көптеген елдің үкіметтері аталған проблеманы физикалық және психикалық тәуелділік ғана емес, ауқымды қоғамдық, экономикалық және құқықтық құбылыс ретінде қарастыра бастады. Наркотизм термині мұндай тәсілдің мән-мағынасын ашады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сарапшылар мен ғалымдар наркотизм ұғымының нашақорлықтан әлдеқайда кең екенін, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық проблемалармен, соның ішінде ұлттық қауіпсіздік мәселесімен ұштасып жатқанын айтады.

Президент есірткіге тәуелділер емдеу-сауықтыру шараларымен жеткілікті деңгейде қамтылмай отырғанына назар аударып, мәселені шешу қажет екенін мәлімдеді.

— Есірткіге тәуелді жандардың көпшілігі мен олардың жақындары жариялылықтан және жұртшылықтың талқылауынан қауіптеніп, проблемасын жасырады, — деді Мемлекет басшысы.

Бұл ретте мемлекеттік саясаттың нашақорларға кеңшілік танытып, ал есірткі саудасына келгенде қатаң және мүлде төзбеушілік ұстанымда болуға тиіс екені айтылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев аталған індетке қатысты статистикалық мәліметтерді жинау мен өңдеу бағытындағы ақпараттық-сараптамалық жұмысты жетілдіру, сондай-ақ химиялық заттардың таралуын қадағалау мәселелерін тағы бір маңызды міндет деп санайды.

Президент нашақорлықтың алдын алу шараларын күшейтуді, әсіресе, білім беру мен ақпарат саласында кенінен жұмыс жүргізуді тапсырды. Мемлекет басшысының пікірінше, жастар арасында есірткінің насихатталуына жол беруге болмайды. Бұл ретте ол интернетте және медиа индустрияда тыйым салынған заттар мен ішімдік

ішуді дәріптейтін жағымсыз үрдіс белең алғанына тоқталды.

Жиында есірткімен байланысты құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу мен жазалаудың тиімділігін арттыруға қатысты кешенді мәселелерге ерекше мән берілді.

— Кез келген есірткі түрінің өндірісі мен сатылымына қатаң тыйым салынып, мемлекеттің жіті бақылауында болуы керек, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы іс-қимылды, сондай-ақ есірткі сататын орындар мен зертханалардың иелерін өшкерелеу жұмыстарын күшейту қажеттігін айтты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы күмәнді қаржы операцияларын бақылауға алудың маңызына тоқталды. Бұл түйткіл құқық қорғау органдарының назарынан тыс қалмауға тиіс.

Президент наркотизмге қарсы күреске қоғам болып жұмылудың маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ Үкіметке, өңір әкімдеріне және жауапты мемлекеттік органдарға нашақорлықтан сақтандыру және есірткі бизнесіне қарсы күрес шараларын күшейту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

Жиын қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы Нашақорлыққа және есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомстваралық штабты Ішкі істер министрлігінің қарауынан алып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің деңгейіне көтеруді тапсырды. Бұл нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресті жандандыруға, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдар арасындағы жұмысты анағұрлым тиімді үйлестіруге мүмкіндік береді.

ОРТА ДӘЛІЗ – ЫНТЫМАҚҚА АПАРАР ЖОЛ

Жер шарының түрлі өңіріндегі шиеленістердің бейбіт жолмен шешілуін, БҰҰ жарғылары мен ұстанымдарына, қарарларына құрмет көрсетілуі қажет екенін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сан мәрте айтқан.



→ 5

ЖАСТАР МЕРЕЙІН АСЫРҒАН ФЕСТИВАЛЬ

Жыл сайын 12 тамызда Халықаралық жастар күніне орай түрлі іс-шара ұйымдастырылады. Дәстүрге сай, биыл да елорда жастары айтулы күнді Есіл жағалауындағы амфитеатрда ерекше көңіл-күйде атап өтті.



→ 8

Қарахан ҚАБИ,
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын
дамыту басқармасының басшысы:

ЗАҢНЫҢ МАҚСАТЫ – ТҰРҒЫНДАРҒА ТАҢДАУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ

Елімізде көпқабатты үйлерді басқару тетігі өзгереді. Мемлекет басшысы қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлік және экспорттық-кредиттік агенттіктің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңы 15 қыркүйектен бастап күшіне енетін болды. Жаңа заң тұрғындар мен басқарушы компанияларға, тиісті басқарушы бірлестіктер мен кооперативтерге қандай талаптар жүктейді және заңның тұрғындар үшін тиімді тұстары қандай деген сұрақтар төңірегінде Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту басқармасының басшысы Қарахан Қабимен әңгімелескен едік.

→ 4



DIGITAL DETOX: САНАҒДЫ ТАЗАРТАР ҮЗІЛІС

Әлем әлеуметтік желіден бас алмайтын заманнан да мезі бола бастады. Бүгінде жастардың ақпарат әлемінен уақытша ажырауы сәнге айналғандай. Жастардың digital detox-қа бет бұра бастауына жауап іздеп көрдік.



Ресми деректерге көз жүгіртсек, әлемде 210 миллион адам әлеуметтік желіге тәуелді. 2024 жылы Германияда 18-24 жас аралығындағы жастардың 84%-ы смартфонды шамадан тыс қолданатынын мойындаған, ал АҚШ-та жасөспірімдердің 60%-ы телефонға тәуелді екені расталған. Әлемді жайлаған ақпарат тасқыны елімізді де айналып өтпесі анық. Таң сәріде телефонды құшақтап оянып, кеш түскенде, телефонға телмірген күйі ұйқыға кету өмір салтына айналғалы қашан. Гаджет пен ғаламтордың

шырмауына түскендердің депрессия, мазасыздық, ұйқының бұзылуы, көздің шаршауы, мойын мен арқа аурулары, семіздік секілді қаншама кеселмен бетпе-бет кездесетінін айтпасақ та, көзі ашық оқырманның білетіні хак. Әлеуметтік желіге әуестіктің немен тынарын түсінген жастар да ақпараттық шектеудің керекін саналы тұрғыда түсінгенді

→ 6



КАСПИЙДІ ЗЕРТТЕУГЕ 305 МЛН ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

Каспий теңізі ғылыми-зерттеу институтын одан әрі дамытуға Үкімет резервінен қаражат бөлінді. Премьер-Министр Олжас Бектенов тиісті қаулыға қол қойды.

305 млн тенге «Қазақ Каспий теңізі ғылыми-зерттеу институты» қоғамының шотына аударылады. Институт Каспий теңізінің экологиялық мәселелерін зерттеу мақсатында құрылды. Атап айтқанда, ҒЗИ-дің қызмет аясына балық қорының көлемін бағалау, оларды сақтау әдістері мен технологияларын әзірлеу, ихтиофаунаны зерттеу, итбалықтардың жаппай қырылу себептерін анық-

тау және олардың популяциясын сақтау мәселелері кіреді. Бұдан бөлек, теңіздің гидрологиялық үдерістерін зерттеуге және оның деңгейін бақылауға, климаттың өзгеруін және оның экожүйеге әсерін талдауға, судың сапасы, биологиялық алуантүрлілік және Каспий теңізінің қазақстандық бөлігі мен жағалауының өзге де параметрлері жөніндегі деректерді жинау мен талдауға бағытталған.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ ҚАРҚЫНЫ ЖЕДЕЛДЕДІ

Үкіметте өткен баспасөз конференцияда Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау барысы және 7 айдағы елдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы айтып берді.



Вице-премьер өз сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2029 жылға қарай Қазақстан экономикасын екі есеге арттыру жөнінде өршіл мақсат қойып отырғанын атап өтті. 2024 жылдың қорытындысы бойынша мұндағы нысаналы көрсеткішке қол жеткізілді. «Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда, соның ішінде инвестицияны ынталандыру, өнімділікті арттыру және экономиканың шикізатқа жатпайтын секторын кеңейту есебінен жүруде. Биылғы қаңтар-шілде айларының қорытындысы бойынша экономикалық өсім 6,3%-ға жетті. Нақты сектордағы өсім 8,3%-ды құрады. Қызметтер өндірісі 5,2%-ға өсті», — деп хабарлады Серік Жұманғарин. Негізгі драйверлер — көлік (+22,5%), құрылыс (+18,5%) және сауда (+8,6%) саласы. Тау-кен өнеркәсібінде (+8,5%) өсу жалғасып, өңдеу секторы (+6,1%) жандана түсті.

Вице-премьер қабылданған шаралардың нәтижесінде қаңтар-шілде айларының қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция 16,1%-ға өскенін атап өтті. Инвестицияның ең көп өсімі білім беру саласында 2,3 есе, қаржы қызметінде 90,1%, өңдеу

өнеркәсібінде 38,7%, ауыл шаруашылығында 27%, денсаулық сақтауда 17,5%, көлікте 17% мөлшерінде байқалады. Елімізде экономиканы әртараптандыру бойынша ауқымды жұмыстар жүріп жатқанын атап өтті. Соның ішінде шикізатты терең өңдеу және аралас салаларды дамытуға баса мән берілуде. Қабылданған шаралардың нәтижесінде қаңтар-шілде айларының қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібінде өндіріс көлемі 6,1%-ға өсті. «Өсімге металл бұйымдар өндірісі мен машина жасауда 14%-ға, тамақ өнімдерінде 9,2%-ға, мұнай өңдеуде 8,6%-ға, химия өнеркәсібі өнімдерінде 6%-ға ұлғаю есебінен қол жеткізілді», — деп хабарлады Серік Жұманғарин. Тау-кен өнеркәсібі де жоғары өсу қарқынын +8,5%-ға сақтап келеді. Бұл мұнай өндірудің 11,9%-ға, газ өндірудің 14,3%-ға және көмірдің 10,6%-ға артуымен байланысты. Құрылыс жұмыстарының өсуі 18,5%-ға дейін жеделдеді. 9,4 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл бытырғы тиісті кезеңнен 5,2%-ға артық.

НАГРАДТАУ ТӘРТІБІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстан Республикасы Президентінің өкіміне сәйкес 1999 жылғы 8 қарашадағы №90 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсыну және оларды тапсыру тәртібі туралы нұсқаулықты, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларына арналған құжаттардың үлгілерін және мемлекеттік наградалар белгілерінің сипаттамасын бекіту туралы» өкімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Өзгерістер наградтауға кандидаттарды қарау кезінде ашықтықты, объективтілікті және әділдікті қамтамасыз етуге бағытталған. Нұсқаулықтың жаңа редакциясында құжаттарды ресімдеу және кандидаттардың еңбегін бағалау критерийлеріне қатысты негізгі ережелер нақтыланды. Атап айтқанда, наградтау қағазын ресімдеуге қойылатын талаптар толықтырылды. Онда міндетті түрде еңбек жолы, ел мен халық алдындағы нақты еңбектері, сондай-ақ қылмыстық құқықбұзушылықтар туралы мәліметтер олардың жасалған уақытына қарамастан көрсетілетін болады. Жекелеген жағдайларда ішкі істер органдарынан мінездеме талап етіледі. Көпбалалы аналарды наградтауға қойылатын талаптар ретке келтірілді. Наградтау тек Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын көпбалалы аналарға беріледі. Наградтау қағазын ресімдеу кезінде көпбалалы ананың өзге мемлекет азаматы болып табылатын балалары паспорт-



тарының куәландырылған көшірмелері және фотосуреттері қоса берілуі керек. Айта кету керек, нұсқаулыққа сәйкес мемлекеттік наградалардың көшірмелерін (дубликаттарын) дайындау кезінде қымбат бағалы металдар қолданылмайды. Мемлекеттік наградаларға құқықты қалпына келтіру мүмкіндігі уәкілетті органдардың өтініші бойынша, сот актілерін қоса алғанда, растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда қамтамасыз етіледі. Қабылданған өзгерістер наградтауға ұсыну рәсімін ретке келтіруге және мемлекеттік наградалар институтына деген сенімді арттыруға бағытталған.

ЖҰМЫСТЫ ПОРТАЛДАН ТАПТЫ

1 тамыздағы жағдай бойынша елімізде 221,7 мың адам жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларымен қамтылып, 292,2 мың қазақстандық жұмысқа орналастырылды. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі хабарлады.



Мансап орталықтары арқылы субсидияланатын жұмыс орындарына 129,8 мың адам жіберілді. Оның ішінде: әлеуметтік жұмыс орындарында — 11,5 мың, жастар практикасында — 9,1 мың, қоғамдық жұмыстарда — 91,7 мың, «Күміс жас» жобасы аясында — 14,8 мың, «Алғашқы жұмыс орны» жобасында — 2,6 мың, ал «Ұрпақтар келісімшарты» жобасында — 90 адам жұмысқа орналасты. Еңбек нарығында сұранысқа ие дағдылар бойынша онлайн оқытуға 48,5 мың жұмыссыз тартылып, олардың 45,3 мыңы курсты аяқтады. «Бастау Бизнес» жобасы аясында 34,6 мың адам кәсіпкерлік негіздеріне оқытылды, оның ішінде 19 мыңы оқуды бітіріп, сертификат алды. Жұмыс берушілердің өтініші бойынша 4 610 адам кәсіптік оқуға жіберілді, оның 834-і оқуды аяқтады. Сонымен бірге, кәсіптік орталықтарда 224,3 мың адам әлеуметтік кәсіптік бағдарлаудан өтіп, кеңес беру қызметтерін алды. — Жұмысқа орналасу бірнеше бағытта жүзеге асырылады және нақты жұмысқа орналасу фактісі міндетті зейнетақы жарналарының аударылуымен расталады. 1 тамыздағы дерек бойынша, 292,2 мың адам жұмысқа орналасты. Оның ішінде: жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары аясында — 129,8 мың, Электрондық еңбек биржасында жұмыс берушілер жариялаған бос орындарға — 86,2 мың, Мемлекет басшысының «10 мың тұрғынға — 100 жұмыс орны» бастамасы шеңберінде — 66,3 мың, орталық мемлекеттік органдардың жобалары аясында — 9,9 мың адам еңбекке орналасты, — делінген ведомство дерегінде. Биыл халықтың әлеуметтік осал санаттарына жаңа бизнес-бастамаларды жүзеге асыру үшін 400 АЕК-ке дейін (1 572 800 теңге) мөлшерінде 9 мың грант беру жоспарланған. Бірінші кезеңде 4,2 мың грант берілді. 11 тамыздан бастап «Business.Enbek» порталында екінші кезеңге өтініш қабылдау басталды.

STARLINK ҚАЗАҚСТАНДА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Кешеден бастап Starlink компаниясы еліміз аумағында ресми түрде спутниктік интернет қызметін ұсына бастады.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің мәліметінше, енді еліміздің тұрғындары SpaceX компаниясына тиесілі төмен орбиталық спутниктер желісі арқылы жоғары жылдамдықты және сенімді интернетке қосыла алады. Қызметтің айлық тарифі 23 мың теңгеден басталса, терминал бағасы шамамен 104 мың теңге. Тарифтер мен құрылғы бағасы қолдану түріне байланысты өзгереді. Starlink қызметі жеке тұлғалармен қатар бизнес үшін де қолжетімді. Еске сала кетсек, 2025 жылғы 12 маусымда Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Starlink компаниясы қызмет көрсету кезінде Қазақстан заңнамасын сақтауды міндеттейтін келісімге қол қойған болатын. Starlink технологиясы шалғай және қолжетімдік төмен өңірлерде де тұрақты қосылымды қамтамасыз етіп, халыққа заманауи цифрлық сервистерді пайдалануға мүмкіндік береді.



Дайындаған
Мейір ЖАСЫН

БАҒДАР

14 ТАМЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРҒА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗДІ



«AMANAT» партиясы сайлауалды бағдарламаның орындалуын және өңірлердегі бастамалардың жүзеге асырылуын бақылауды жүйелі түрде жалғастыруда. Партияның орталық аппараты жанындағы Партиялық бақылау департаментінің инспекторлары Павлодар облысының бірнеше ауданындағы әлеуметтік инфрақұрылым нысандарында мониторинг жүргізді.

Аққулы ауданында комиссия Шақа және Қазы ауылдарындағы медициналық пункттерді тексеріп, науқастарды қабылдау жағдайын, нысандардың жабдықталуын және санитарлық нормалардың сақталуын бағалады. Әсіресе, ауыл тұрғындары үшін алғашқы медициналық көмектің қолжетімділігіне назар аударылды. Сондай-ақ мамандар Тілектес ауылындағы жаңадан салынып жатқан білім нысанымен танысып, құрылыс стандарттары мен қауіпсіздік талаптары сақталуының маңыздылығын атап өтті.

Шарбақты ауданында комиссия мүшелері Красилровка ауылындағы орта мектепке барып, материалдық-техникалық базаны нығайту жөнінде ұсыныс айтты. Сонымен қатар олар Галкино ауылындағы денешынықтыру-сауықтыру кешенін аралады.

Ертіс ауданында комиссия Панфилов ауылындағы мектептің күрделі жөндеуіне мониторинг жүргізді. Онда білім нысанының

шатыры жанартылып, есіктер ауыстырылып, қосымша жылыту батареялары орнатылған. Сондай-ақ мамандар Ленин ауылындағы пайдалануға беру жоспарланған дәрігерлік амбулаторияның құрылыс жұмыстары нәтижелерімен танысты.

«AMANAT» партиясының Партиялық бақылау департаментінің инспекторы Заур Гучияев әрбір аяқталған нысан партия, атқарушы билік пен мердігерлердің бірлескен жұмысының нәтижесі екенін атап өтті.

«Біз құрылыс жұмыстарының әр кезеңін бақылауда ұстап отырмыз. Себебі тұрғындар заманауи әрі қауіпсіз инфрақұрылымға қол жеткізуі қажет. Формализмге жол беруге болмайды, өйткені мектептер мен медициналық мекемелердің сапасы — ауылдың ертенін айқындайтын басты фактор», — дейді Заур Гучияев.

Ақтоғай ауданындағы мониторинг барысында комиссия Майқоңыр ауылындағы мектептің

жөндеу жұмыстарымен танысты. Мұнда ғимараттың беткі және кіреберіс бөліктері жанартылып, ішкі әрлеу жұмыстары жүргізіліп, терезелер мен есіктер ауыстырылған, сондай-ақ өрт дабылы жүйесі орнатылып жатыр. Қазір нысанның дайындық деңгейі 85 пайызды құрайды. Ал Ақжол ауылындағы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы мердігерге қатысты сот процесі жүріп жатқандықтан тоқтап тұр.

Железин ауданы Ақтау ауылындағы мектептің күрделі жөндеу жұмыстары тексерілді. Ал Мыңкөл ауылында мердігер жұмысының сапасыз орындалуына байланысты мерзімі созылған медициналық пункт құрылысының барысы қаралды. Бұл нысан партияның ерекше бақылауында. Тереңкөл ауданында комиссия Ивановка ауылындағы медициналық пункттің дайындық деңгейін бағалады. Құрылысы толық аяқталған нысанға қазір жабдық жеткізілуі күтілуде.

«AMANAT» партиясының Партиялық бақылау департаментінің инспекторы Мұрат Естенов әр нысанның аудан тұрғындары үшін маңызды екенін атап өтті.

«Мердігер ұйымдарға қойған талап біреу ғана — бұл барлық жұмыстың сапалы әрі уақытында аяқталуы. Партия халық алдындағы міндеттердің орындалуын және әлеуметтік нысандардың ауыл өмірін жақсартуға қызмет етуін қалағалайды», — деді Мұрат Естенов.

Ақсу қаласының ауылдық округтері мен Май ауданының елді мекендерінде мектептер, медициналық мекемелер және спорт нысандары тексерілді. Жұмыстың сапасы, мерзімдердің сақталуы және тұрғындар алдындағы міндеттемелердің орындалуы бағаланды.

Партиялық бақылау департаменті өкілдерінің айтуынша, «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясындағы барлық нысан тұрақты бақылауда. Мұндай мониторингтік сапарлар мәселелерді уақытылы анықтап, шұғыл шешім қабылдауға және жергілікті жерлердегі жұмыстың ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ЖЕР ТЕЛІМІ МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

«AMANAT» партиясының «Жер аманаты» комиссиясы Алматы қаласындағы шағын жер телімі үшін болған дауға нүкте қойды. Қарасай батыр мен Нұрмақов көшелерінің қиылысында орналасқан, өз бетінше қоршалып алынған жасыл аумақ мемлекет меншігіне қайтарылды.



Бұған дейін бұл жерде бірнеше жыл бойы жергілікті тұрғындар күтіп-баптаған шағын бак болған. Сондай-ақ оның астынан электр және жылу желілері өткен. Алайда темір қоршау орнатылған сон бұл жерге кіруге тыйым салынып, ағаштар кесіле бастаған. Нұрмақов көшесіндегі №92 үйдің тұрғыны Вера Симонова бұл жағдай бойынша түрлі мемлекеттік органға талай мәрте өтініш жолдағандарын айтты.

«Биыл наурыз айында жер телімін өз бетінше заңсыз иеленудің куәсі болдық. Біз аудандық әкімдікке, Жер қатынастары басқармасына және «AMANAT» партиясына жүгіндік. Мұнда екі қабатты кеңсе ғимаратын салмақ болған, бірақ оған бұл жер мүлдем лайықсыз еді. Партия бізді қолдаусыз қалдырмады. Барлық құжатты жойдық, сотқа жүгіндік, жеңдік және сот шешімімен қоршау алынып тасталды. «Жер аманаты» комиссиясының араласқанына қуаныштымын», — деді ол.

Партия мүшелері уәкілетті органдармен бірлесіп тексеріс жүргізіп, материалдарды сотқа жолдады. Алмалы аудандық соты 0,0080 гектар (80 шаршы метр) жер телімін мемлекет меншігіне қайтару туралы шешім қабылдады. Қоршау иесі оны өз еркімен алып тастауға уәде бергенімен, сот шешімі орындалмай, оны мәжбүрлеп бұзуға тура келді.

«Кәсіпкер мұнда екі қабатты кеңсе ғимаратын салуды жоспарлаған. Рұқсатсыз жиырма ағашты кесіп тастаған. Біз тиісті қызметтер мен құқық қорғау органдарын тартып, тұрғындарға сотқа жүгінуде көмектестік. Нәтижесінде, әділдік жеңді», — деді қалалық мәслихат депутаты, Алматы қалалық «Жер аманаты» комиссиясы төрағасының орынбасары Бақытбек Жұмабаев.

Сот шешімін орындау күні мұнда осы аумақты өз ауаларының бір бөлігі деп санайтын екі үйдің тұрғындары келді. Нұрмақов көшесіндегі №92 үй тұрғыны Екатерина Баби партияның басынан аяғына дейін бірге болғанын атап өтті.

«Бізге барлық сұраққа жауап беріп, әрдайым қолдау көрсеткен куратор болды. Жұмыс үйлесімді жүрді, бізді жалғыз қалдырмады. Осындай қолдау мен көмегі үшін алғыс айтамын», — деді ол.

«Жер аманаты» комиссиясы Алматының жер ресурстарын қорғау бағытында жүйелі жұмысын жалғастыруда. Соның арқасында қалада ондаған жер телімі мемлекет меншігіне қайтарылды, Бутаковқа шатқалындағы 5 гектарлық алма бағы қалпына келтірілді, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің пайдаланымында болған жерлер қайтарылды және тағы басқа жұмыстар атқарылды.

Дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ – МАҢЫЗДЫ ТІЗБЕК

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Тасқала ауылының тұрғыны Наталья Фрей 2018 жылдан бері құс шаруашылығымен айналысып келеді. Ол осы отбасылық кәсібінің аясын кеңейту мақсатында «AMANAT» партиясының «Ауыл аманаты» жобасы аясында жеңілдетілген несие алды.



«Быттыр біз «Ауыл аманаты» жобасына қатысып, төмен пайыздық мөлшерлемен несие алдық. Бұл қаражат бізге өндіріс аясын кеңейтуге, жем мен инкубациялық жұмыртқа сатып алуға мүмкіндік берді. Осылайша, біз өнім көлемін ұлғайтып, балапандарды өз ауылымызда және аудан орталығында сата бастадық. Бұл бағдарлама расымен де ауылдық жерлерге қолдау көрсету мақсатында әзірленген. Ауылда тұрып, кәсібімізді дамытып, өзімізді жаңа бағыттарда сынап көріп жатқанымыз көңілге қуаныш ұялатады», — деді ол.

Батыс Қазақстан облысында «Ауыл аманаты» жобасы 2023 жылдан бастап жүзеге асырылып келеді. Осы уақыт аралығында өңірде 1 200-ден астам жоба қаржыландырылды. Жалпы сомасы 8,5 млрд теңгені құрайтын 1 250-ден астам шағын несие беріліп, шамамен 1 470 жұмыс орны құрылды. Қаржының басым бөлігі мал шаруашылығына бағытталды. Алайда

жылыжаймен, омарта шаруашылығымен, қайта өңдеумен және ауылдық сервиспен байланысты көптеген жоба бар. Бағдарламаның өңірдегі операторы — Ақіаіуқ ӘКК. Оған қатысушылардың айтуынша, жоба тұрақты кірісті қамтамасыз етіп қана қоймай, өндірістен сатылымға дейінгі тізбекті құра отырып, кооперацияны нығайтуға көмектеседі.



Президент бастамасымен іске қосылған «Ауыл аманаты» бағдарламасы үш жылдан бері Қарағанды облысының ауыл тұрғындарына өз ісін дамытуға көмектесіп келеді. Төмен пайызбен жеңілдетілген шағын несиелер ауыл тұрғындарына бизнес ашуға, жаңа жұмыс орындарын құруға ғана емес, ауылдағы өмірді жақсартуға мүмкіндік береді.

АУЫЛДА КӘСІПКЕР КӨБЕЙДІ

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Мысалы, Новоузенка ауылының фермері Қайрат Әбиев ірі қара мал өсірумен айналысады, ол несие алып, трактор сатып алды. Оның айтуынша, бұрын жиі бұзылатын ескі техникамен жұмыс істеуге тура келген. «Жана трактор «Мерседес» сияқты», — дейді ол. Бүгінде Қайрат Әбиевтің жыл бойы өсіріп, қолжетімді бағамен, қосымша логистикалық шығындарсыз сатуға ниетті. «Жазда да, қыста да өнім жинаймыз», — дейді Жасұлан Смағұлов.

Үштөбе ауылында сүт шағын зауыты да жұмыс істей бастады. Жабдықтар «Даму» қорының қолдауының арқасында сатып алынған. Зауыт сүзбе, май және ірімшік шығарады. Бірақ ассортиментті кеңейту жоспарлануда.

Бұқар жырау ауданының Белағаш ауылында алғаш рет шұна жөндеу шеберханасы ашылды. Бұл — ауыл тұрғындары үшін бұрын-соңы болмаған қызмет түрі. Жобаның авторы — 47 жастағы Ерболат Молдабеков. Бұрын ветеринар болып еңбек еткен ол көптен бері көкейінде жүрген кәсібін «Ауыл аманаты» бағдарламасының көмегімен жүзеге асырды. «Ауыл аманаты» — ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуға, табысын арттыруға және шағын бизнесті дамытуға бағытталған мемлекеттік

бағдарлама. Ерболат осы мүмкіндікті ұтымды пайдаланып, жана бағытта кәсібін бастады.

— Жас кезімде қаладағы шиномонтажда жұмыс істеп, аздап тәжірибе жинағанмын. Өз ісімді ашу көптен бергі арманым еді. Бірақ қаражат жағынан мүмкіндік болмады. Бағдарлама туралы есті сала құжаттарды дайындап, өтінім бердім. Барлық рәсім тез әрі қиындықсыз өтті. Ауыл әкімдігі мен мамандар көп көмектесті — қай құжат керек, қалай рәсімдеу керек, бәрін түсіндіріп отырды. Ең бастысы — нақты жоспарың мен ниетің болу керек, — дейді кәсіпкер.

Ерболат Молдабеков 2,8 миллион теңге көлемінде жеңілдетілген несие алып, қажет құрал-жабдықтарды сатып алды. Несие 5 жыл мерзімге, жылдық 2,5% мөлшерлемен берілген. Төлем тоқсан сайын жүргізіледі. Алынған қаражатқа шеберхана үшін көтергіш, компрессор, домкрат, дөңгелек бөлшектеу және балансировка станоктары, қосалқы бөлшектер сатып алынған. Қазір Ерболат шеберханасын өз ауласындағы гаражда жүргізіп отыр. Мұнда шиналарды маусымдық ауыстыру, май құю, жүріс бөлігіне техникалық қызмет көрсету, дөңгелектерді шешіп-қондыру және балансқа келтіру сынды қызметтердің толық кешені көрсетіледі. Жақын болашақта кәсіпкер кәсібін кеңейтуді көздейді. Ол несиесін мерзімінен бұрын өтеп, жана несие арқылы жеке шеберхана салып, дәнекерлеу және сырлау құралдарын алып, қозғалтқыш пен беріліс қораптарын жөндеу, сырлау жұмыстарын да қолға алмақ. Қазір Ерболат шеберханада жалғыз жұмыс істейді. Алайда оған әрдайым екі ұлы — 10 және 8 жастағы балалары көмектесіп жүреді. Олар әкесінің жанынан табылып, құралдарын ұсынып, алғашқы еңбек дағдыларын бойына сіңіріп келеді.

Белағаш ауылы аудан орталығынан 50 шақырым қашықта орналасқан. Ерболат ашқан шеберхана — тек ауылдағы емес, бүкіл округтегі алғашқы шиномонтаж. Кәсіпкердің айтуынша, ауыл тұрғындары үшін бұл өте қолайлы.

— Бұрын қарапайым қызметтің өзін аудан орталығынан іздеуге мәжбүр болатынбыз. Қазір жұрт осы жерден-ақ көлігін жөндеп, дөңгелек ауыстырып кетіп жатыр. Әсіресе, көктем мен күзде жұмыс қызады. Бұл мені шабыттандырады. Қол қусырып отыруға болмайды, аз да болса тәжірибен болса, соған сүйеніп әрекет ету керек. Қалғаны уақыттың еншісінде, — дейді Ерболат Молдабеков.

Қазірдің өзінде оның қызметіне көрші ауылдардан да сұраныс бар. Белағаш ауылдық округінің әкімі Амангелді Күпеновтің айтуынша, Ерболаттың жобасы — ауылда «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жүзеге асқан үш жобаның бірі.

— Жалпы алғанда, ауыл тұрғындарынан жеті өтінім қабылданды. Соның ішінде екеуі мал шаруашылығына бағытталған. Біз белсенді азаматтарды әрдайым қолдауға әзірміз. Осындай жобалар ауылда да табысты кәсіп бастауға болатынын көрсетіп отыр, — дейді әкім.

Айта кету керек, «Ауыл аманаты» 2023 жылы іске қосылды, осы уақыт ішінде Қарағанды облысында 5,6 млрд теңгеге 670-тен астам жеңілдетілген шағын несие берілді. Мыңға жуық жұмыс орны құрылды. Бұқар жырау ауданында 128 жоба жүзеге асырылды. Ең белсенділері — Ботақара, Үштөбе және Ростов ауылының тұрғындары. Бұқар жырау, Ақтоғай және Қарқаралы аудандарында ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту «бір ауыл — бір өнім» моделі бойынша жүргізілуде.

Биыл облыста «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 300-ге жуық жобаны қолдау жоспарлануда.

14 ТАМЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

Елімізде көпқабатты үйлерді басқару тетігі өзгереді. Мемлекет басшысы қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлік және экспорттық-кредиттік агенттіктің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңы 15 қыркүйектен бастап күшіне енетін болды. Жаңа заң тұрғындар мен басқарушы компанияларға, тиісті басқарушы бірлестіктер мен кооперативтерге қандай талаптар жүктейді және заңның тұрғындар үшін тиімді тұстары қандай деген сұрақтар төңірегінде Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту басқармасының басшысы Қарахан Қабимен әңгімелескен едік.

— Қарахан Зейнуллаұлы, заңнамалық түзетулерге сәйкес топтамадағы 3 заң негізінде енгізілген жаңа талаптар туралы айтып берсеңіз... Қандай заңдарға өзгерістер мен толықтыру енгізілді және қандай жаңа талаптар қосылды?

— Мемлекет басшысы биыл 15 шілдеде «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлік және экспорттық-кредиттік агенттіктің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексіне (Салық кодексі) және оны қолданысқа енгізу мәселелері бойынша «ҚР заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы, сондай-ақ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға, яғни 3 заңға қол қойды.

Жалпы, қабылданған заңдар көп-пәтерлі тұрғын үйлерді басқару саласындағы заңнаманы жетілдіруге, тұрғын үй заңнамасының жекелеген нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейтуге және салық саясатын жетілдіруге, оның ішінде жаппай декларациялау жүйесін онтайландыруға бағытталған. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлік және экспорттық-кредиттік агенттіктің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңымен жалпы 5 кодекске және 23 ҚР заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген (Жер, Кәсіпкерлік кодекстері, «Тұрғын үй қатынастары туралы», «Тұтынушылар кооперативтері туралы», «Сақтандыру қызметі туралы» және т.б. заңдар).

Біріншіден, осы заң пәтер иелері кооперативтерінің қызметін реттеуге бағытталған. 2019 жылдың соңында пәтер иелері кооперативтері басқару нысаны ретінде таратылып, өтпелі кезең белгіленген болатын. Алайда бұл реформа күтілген өз нәтижелерді бермеді. Қазір пәтер иелері кооперативтері заңнамалық



деңгейде мәртебесі анықталмаған күйде қызметін жалғастыруда. Пәтер иелері кооперативтері басқару субъектісі ретінде басқарушы компаниялармен қатар қызмет көрсететін болады, бұл қызметтер Мүлік иелері бірлестігімен жасалған шарт немесе тікелей бірлесіп басқару хаттамасы негізінде көрсетіледі, бұл тұрғындарға өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар пәтер иелері кооперативтері коммерциялық емес ұйым ретінде қалады, әрбір үй бойынша бөлек шот ашуға міндетті, бұл тұрғындардың жарналарын пайдалану ашықтығын қамтамасыз етеді.

Екіншіден, көппәтерлі тұрғын үйдің тек екі басқару нысанын қалдыру ұсынылады: мүлік иелері бірлестігі және тікелей бірлесіп басқару. Жай серіктестік түріндегі басқару нысаны алынып тасталады. Бүгінде республика бойынша 7 мыңнан астам мүлік иелері бірлестігі құрылған. Олар штат жинап, үйді өз бетінше басқара алады немесе басқару субъектісін (басқарушы компания немесе пәтер иелері кооперативтерін) тарта алады.

Тікелей бірлесіп басқару нысанында, егер пәтерлер саны 36-ға дейін болса, тұрғындар заңды тұлға құрмай немесе

басқару субъектісін тартпай, үйді өздері басқара алады және екінші деңгейлі банктерде шот ашуға міндетті емес. Егер пәтерлер саны 36-дан асса, тікелей бірлесіп басқару нысанын таңдаған үйлердің тұрғындары жалпы жиналыс хаттамасы негізінде кондоминиум объектісін басқару субъектісімен шарт жасасуы тиіс. Үшіншіден, шығындарды онтайландыру және проблемаларға, оның ішінде апаттық жағдайларға жедел әрекет ету мақсатында мүлік иелері бірлестігі, пәтер иелері кооперативтері және басқарушы компанияларға басқару және күтіп-ұстау функцияларын біріктіруге мүмкіндік беру ұсынылады.

Төртіншіден, тұрғын үй инспекциясының функцияларын кеңейту көзделуде, атап айтқанда: инженерлік желілер мен жабдықтарды жылыту маусымына дайындау жөніндегі іс-шараларды бақылау, лифтілер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған көтерігіштерді, өртке қарсы жүйелерді тиісті пайдалану бойынша бақылау, кондоминиум объектілерін басқару нысандары мен басқару субъектілерінің тізілімін жүргізу және олар туралы ақпаратты әкімдіктердің интернет-ресурстарында орналастыру. Сонымен қатар көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша

және де басқада қосымша нормалар қабылданды. Яғни, енді әрбір үйге жеке шот ашылатын болады, мүлік иелері бірлестігі төрағасының қызметі мерзімі бір жылдан үш жылға дейін ұзартылды, басқару нысанын көппәтерлі тұрғын үйдегі пәтер санына байланысты таңдау талабы алып тасталды.

— Иә, бұған дейін тұрғын үй қорын тиімді басқару мәселелерін реттеу үшін пәтер иелері кооперативтерінің орнына Мүлік иелері бірлестігі институтына бағытталған реформа енгізілмек еді. Бірақ жаңа құжатқа сәйкес МИБ-пен қатар ПИК-тер де бұрынғыдай жұмыс істей береміз делініз. Яғни, олардың айырмашылығы қандай? Сондай-ақ МИБ-тер ПИК-терді толық ығыстыра алмады. Неге?

— Мүлік иелері бірлестігі әрбір көппәтерлі тұрғын үйге «бір үй — бір бірлестік — бір шот» қағидаты бойынша құрылатын және оның төрағасы пәтер иелері қатарынан сайланатын болады. Бұл ретте қолданыстағы пәтер иелері кооперативтерінің құрамына бірнеше көппәтерлі тұрғын үй кірген, сондай-ақ ортақ шот ашылған.

Қабылданған жаңа заңға сәйкес, қолданыстағы пәтер иелері кооператив-

СҰХБАТ



Қарахан ҚАБИ,
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын
дамыту басқармасының басшысы:

ЗАҢНЫҢ МАҚСАТЫ – ТҰРҒЫНДАРҒА ТАҢДАУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ



мұндай компания тұрғындардың жеке қаржысына тартылса, онда жиналыстың хаттамасы қажет емес.

Осы заңның негізі мақсаты көп-пәтерлі тұрғын үйлерді басқару саласындағы заңнамасы жетілдіру болған соң оның аясында тұрғын үй құрылысының сапасына қатысты нормалар қарастырылмағанын атап өтеміз. Бұл ретте қазір Парламент Мәжілісінің қарауындағы Құрылыс кодексінің жобасында көпқабатты тұрғын үйлердің кепілдік мерзімін 5 жылға дейін ұзарту көзделгенін қосымша хабарлаймыз.

— Мәселен, қазір қандай да бір мәселе туындап, айыппұл төлеуі тиіс болса, МИБ, ПИК және басқарушы компаниялар басшылары айыппұлды тұрғындардың төлемдері есебінен өтеп, ол үшін ортақ шоттағы қаражатты жұмсау қалыпты жағдай саналатыны туралы аз айтылған жоқ. Осыған байланысты сенатор Геннадий Шиповских айыппұлды сол үйді тікелей басқаратын тұлғаға салса, тиісінше айыппұлды ол өз қалтасынан өтеуге міндеттелсе дұрыс болады дейді. Бұл туралы сіздің көзқарасыңыз қандай?

— Бұл мәселе биылғы жылдың 15 шілдесінде Президент қол қойған жаңа заң шеңберінде реттелетін болады. Атап айтқанда, шоттарды ашу мен есептерді ұсыну мерзімдерін бұзғаны үшін жауапкершілік күшейтілді. Қазір бұл үшін тек ескерту көзделген. Заң жобасында 50-ден 100 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл белгілеу ұсынылады.

Құрылыс салушы мен бұрынғы басқару органдары тарапынан өкілге тұрғын үй заңнамасында көзделген құжаттарды бермеу жауапкершілігін белгілеу. Айыппұл мөлшері 120-дан 200 айлық есептік көрсеткішке дейін болады. Сонымен бірге айыппұлдар үйді басқару қызметін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаға жеке түрде салынады деген ескерту қарастырылған.

Бұл жеке жауапкершілік деңгейін арттырып, құқықбұзушылықтарды азайтуға мүмкіндік береді. Осылайша, айыппұлдарды меншік иелерінің жарналар тарапынан төлеу практикасын тоқтату үшін заңнамалық шаралар қарастырылды.

ТҰРҒЫН ҮЙДІ БАСҚАРУ ҮШІН ЖҮЛ САЙЫН КОНКУРС ӨТКІЗІЛМЕЙДІ

— Заңның жаңа талаптарына сәйкес, құрылыс салушылар немесе сервистік компаниялар тарапынан ұсынылған басқарушы компаниялардың тұрғын үйді басқару қызметінің мерзімі 2 жылға дейін ұзартылып жатыр. 2 жыл басқару тұрғын үйді салушы компанияның «кепілдікті мерзімі» деп айтылғанымен, оның тиімділігіне сарапшылар мен заңды әзірлеуші депутаттар күмән келтіріп, қарсы болған еді. Сіздің ойыңызша қолданыстағы заңда көрсетілген 6 ай мерзімі 2 жылға созылудың себебі не? Бұған сарапшылар мен депутаттар не себепті қарсы болды?

— 2023 жылдан бері қолданыстағы «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 42-бабына сәйкес құрылыс салушылар өздерінің уақытша басқарушы компанияларын 6 айға дейін тағайындай алады. Бұл ретте қабылданған заңға сәйкес құрылыс салушылар осы құқығын үйді пайдалануға бергеннен 2 жылға дейін қолдана алады.

Практика 6 айлық мерзімнің жаңадан пайдалануға берілген көппәтерлі тұрғын үйлердің тұрғындары үшін аз екенін көрсетті. Осы уақыт ішінде үйдігі барлық пәтер сатылып бітпейді, сонымен қатар жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты адамдар көшіп келмейді және тұрғындар арасында өзара қарым-қатынас орнап үлгермейді. Осы себептер үйді басқару формасын таңдау үшін, мүлік иелері бірлестігін құру үшін жиналыс ұйымдастыруға кедергісін келтіреді. Осыған байланысты құрылыс салушылар өздерінің уақытша басқарушы компанияларын 6 айдан 2 жылға дейін тағайындауы туралы нормалар қабылданды. Бұған қоса, пайдалануға бұрын берілген көппәтерлі тұрғын үйлерде тұрғын үй инспекциясына уақытша басқарушы компанияны мерзімсіз тағайындау құқығын беру ұсынылды.

Бұл жыл сайын конкурс өткізуден арылуға мүмкіндік береді. Осы орайда құрылыс салушы немесе тұрғын үй инспекциясы тағайындаған уақытша басқарушы компанияның қызметінен кез келген уақытта өз бетімен мүлік иелері бірлестігін құрып, жиналыс өткізіп, басқарушы компанияны немесе пәтер иелері кооперативтері таңдап бас тарта алады.

— Заңның тұрғындар үшін тиімді тұсы қандай? Сондай-ақ басқарушы компаниялар, МИБ-тер мен ПИК-тердің ұтқан тұсы мен ұтылған тұсы туралы айтып беріңізші...

— Заңның негізгі мақсаты — тұрғындарға таңдау құқығын беру, ашықтықты арттыру және жалпы көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару жүйесін жетілдіру. Заң қолданыстағы пәтер иелерінің кооператив қызметіне жаңа көзқарасты, сондай-ақ олардың жұмыс істеу тетіктерін айқындауды көздейді. Енді тұрғындар өздеріне бұрыннан таныс пәтер иелерінің кооперативтерінің қызметін пайдалануды жалғастыра алады. Яғни, тұрғындар өз үйлерін қалай басқаруға болатынын өз бетінше шеше алады: мүлік иелері бірлестігін құру, басқарушы компанияны немесе пәтер иелерінің кооперативін таңдау. Бұл үйдің нақты қажеттіліктеріне сүйене отырып, ең тиімді нұсқаны таңдауға мүмкіндік береді.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Заңның негізгі мақсаты – тұрғындарға таңдау құқығын беру, ашықтықты арттыру және жалпы көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару жүйесін жетілдіру.

тері жұмысын жалғастыра алады, алайда олардың қызметін осы көппәтерлі тұрғын үйде қалдыру туралы тұрғындар жиналысының хаттамасы болуы қажет. Сонымен қатар пәтер иелері кооперативтері әр көппәтерлі тұрғын үйге жеке шот ашуға міндетті. Бұл талап тұрғындар қаражатын ашық жұмсауына, әр үй бойынша есептердің берілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл ретте, көппәтерлі тұрғын үйлерді басқарудың жаңа нысандарына өту реформасының толыққанды іске аспауына ең алдымен тұрғындардың жаңа тәсілдерге әзір болмауы және осы саладағы заңнамалық нормаларды білмеуі себеп болды. Сонымен қатар 2020 жылғы коронавирусқа байланысты жарияланған төтенше жағдайда теріс әсерінін тигізді.

ТАРИФ ЕҢ ТӨМЕНГІ МӨЛШЕРЛЕМЕГЕ СӘЙКЕС БЕЛГІЛЕНЕДІ

— Қыркүйекте қолданысқа енетін жаңа заң бойынша «Эксплуатациялық шығыстар», «ОДН», «Үйді күтіп-ұстау шығыстарына» қойылатын тарифтерді айлық есептік көрсеткішке (АЕК-ке) сәйкес басқарушы компаниялар өздері белгілемек екен. Тиісінше, айлық есептік көрсеткіш өскен сайын тарифтер де өсе береді деген сөз. Сонымен қатар бұл тарифтерді көтеру үшін енді тұрғындардың келісімі қажет емес және тарифтерді МИБ төрағасы, басқарушы компания, жергілікті мәслихат та өз бетінше қосымша көтеруіне болады. Бұл шешім қандай критерийлерге сүйеніп қабылданып отыр?

— Қазір мәслихаттар жыл сайын уәкілетті органның (ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №166 бұйрығы) әдістемесі бойынша тиісті аудан (қала) үшін ең төменгі тариф мөлшерін бекітеді.

Ең төменгі тариф мөлшері пәтер иелері пайдалану шығындары бойынша тарифті бекітпеген немесе бұрын қабылданған шешім мәслихат белгілеген мөлшерден төмен болған үйлерге қолданылады.

Енді жаңа заңға сәйкес жыл сайынғы тарифті бекіту алып тасталып, оның орнына мәслихаттар бұл мөлшерді айлық есептік көрсеткіш түрінде бекітетін болады. Минималды тарифтің айлық есептік көрсеткіш түрінде бекітілуі мәслихаттардың жыл сайын шешім қабылдау қажеттілігін жоюды.

Айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне қарай тариф мөлшері автоматты түрде өзгереді. Сондықтан бұл норма тек ең төменгі тариф мөлшеріне қатысты қолданылады. Тарифтің нақты мөлшері тек тұрғындардың жиналысында қабылданып болады.

Шешім қабылдау тәртібі өзгеріссіз қалды, яғни меншік иелерінің жалпы санының кемінде жартысынан көбі тарифтің мөлшерін белгілеуге құқылы, қабылданған шешім барлық тұрғындар үшін міндетті болады.

— Сондай-ақ жаңа заң бойынша басқарушы компаниялар немесе пәтер иелері кооперативтері тұрғын жайларды басқару жөніндегі қызмет шеңберінде алым-салық төлеуден босатылатын болды. Оларды салықтан босатудың себебі не және оның қандай да бір артықшылығы бар ма?

— «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) және оны қолданысқа енгізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңына биылғы жылғы 15 шілдеде қол қойылды. Осы заңға сәйкес, пәтер иелері кооперативтерін коммерциялық емес ұйымдар қатарына жатқызу туралы түзетулер қарастырылды, бұл оларды кондоминиум объектісін басқару қызметі шеңберінде салық төлеуден босатуға мүмкіндік береді.

Пәтер иелері кооперативтеріне мұндай жеңілдіктің қарастырылуы себебі олардың тек қана үйдің меншік иелері тарапынан құрылатынына және тек көппәтерлі тұрғын үйлердің ортақ мүлкін басқару қызметін атқаратынымен байланысты. Бұл ретте басқарушы компанияларға мұндай жеңілдік қарастырылмағанын атап өту қажет. Өйткені олар бизнес субъектілері болып саналады, оларға басқа қызмет түрлерімен айналысуға шектеу қойылмаған.

ЖАҢА ЗАҢ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ НОРМАЛАРДЫ ҚАРАСТЫРМАЙДЫ

— Құрылыс компаниялары мен сервистік орталықтарға қатысты қандай талаптар қарастырылған? Олардың тұрғындарға есеп беруі, аудиттер мен ревизиялар және инженерлік құжаттама туралы ақпаратты ұсынуы, құрылыс сапасына жауапкершілігі заң бойынша қалай реттеледі?

— Қабылданған заң аясында мүлік иелері бірлестіктерінің, пәтер иелері кооперативтерінің және басқарушы компаниялардың қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін тұрғындарға ай сайынғы есеп ұсыну туралы талап сақталған. Есеп келесі айдың 20 күніне дейін тұрғындарға подьездегі, ауладағы ашық жерлерге және цифрлық платформаларға орналастыру арқылы ұсынылуы қажет. Сонымен қатар тұрғындарға есепті ұсынбағаны үшін жауапкершілік күшейтілді. Енді бұл үшін 50-ден 100 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салу қарастырылған.

Заң шеңберінде ревизиялық комиссияны немесе ревизордың жұмысы регламенттелді. Енді ревизиялық комиссия немесе ревизор жылына кемінде бір рет қаржылық құжаттарға тексеріс жүргізуге міндетті және оның қорытындыларын тұрғындардың жиналысына шығарылуы тиіс. Бұған қоса, жиналыстың шешімімен ортақ шоттағы қаражат есебінен кәсіби аудиторлық компанияны тартуға болады, ал егер

Қазақстан аймақтың тыныш болғанын ғана емес, тұтас жаһанда бейбітшілік орнағанын қалайтын мемлекет екенін ұдайы дәлелдеп келеді. Жер шарының түрлі өңіріндегі шиеленістердің бейбіт жолмен шешілуін, БҰҰ жарғылары мен ұстанымдарына, қарарларына құрмет көрсетілуі қажет екенін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сан мәрте айтқан. Әрі Қазақстанның сыртқы саясаты бұл бағыттан айныған жоқ. Соңғы бірнеше күнде Мемлекет басшысы еліміздің осынау ұстанымын тағы да көрсетті. Оңтүстік Кавказдағы түйткілдің түбегейлі шешілуіне бағытталған қадамды қолдады.

Амангелді ҚҰРМЕТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан мен Армения басшыларының АҚШ астанасында өзара келісімге келгенін тарихи жетістік деп бағалаған еді. Ақорданың баспасөз қызметі Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан президенті Илхам Әлиев пен Армения Премьер-министрі Никол Пашиняның қатығысты бейбіт жолмен реттеу туралы тарихи декларацияға қол қойғанын айрықша атап өткенін жазды.

«Аталған құжат қос мемлекет арасындағы ұзаққа созылған әскери қатығысты түбегейлі тоқтатып, дипломатиялық қатынас орнатуға және берік бітім негізінде ынтымақтастықты дамытуға жол ашты.

Мемлекет басшысының пікірінше, Әзербайжан мен Арменияның мұндай келісімге қол қоюы — АҚШ президенті Дональд Трамптың тегеурінді әрі тиімді бітімгерлік миссиясының аркасы. Ол Әзербайжан және Армения басшыларын саяси ерік-жігер танытып, стратегиялық тұрғыдан көреген шешім қабылдауға көндіре алды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда екі ел арасындағы осынау маңызды уағдаластыққа қол жеткізуге елеулі үлес қосты деп санайды.



ОРТА ДӘЛІЗ – ЫНТЫМАҚҚА АПАРАР ЖОЛ

ған еді. Ақыры белгілі бір нәтижеге қол жеткізіп отыр.

Әлбетте, Оңтүстік Кавказдағы жағдайды реттеуге АҚШ-тың да араласқаны рас. Алайда мұндай құжаттарды даярлау біршама ұзақ уақыт алатынын ескеру қажет. Демек, татуласуға ниеттенген қос елдің дипломаттары жаһандағы ең қуатты мемлекеттің бұл процестен тыс қалмағанын қалаған сияқты. Бәлкім, Әзербайжан мен Армения басшыларына әріптестері осындай мағынада кеңес беруі әбден мүмкін. Өйткені АҚШ президенті соңғы кездері жаһандағы жанжалдарды тоқтауға бейілді екенін жиі айтып жүр. БҰҰ қауіпсіздік кеңесі тұрақты мүшелерінің бірі осындай

жобаға тағы бір ірі держава араласатын сыңайлы. Бұл дегеніңіз «Орта дәліздің» дамуына жаһандағы үш іргелі күш — АҚШ, Қытай, Еуропа одағы мүдделі дегенді білдіреді. Ал мүдделер тоғысқан жобалардың сәтсіз болғаны сирек. Сол себепті Әзербайжан мен Армения арасында бітім орнай бастауы алдымен сол елдердің халқына тиімді болса, одан соң төңіректегі мемлекеттерге, соның ішінде Қазақстанға да пайдалы деп бағалаймыз. Әрі Дональд Трамптың белсенділігін қолдау Вашингтонмен өзара әріптестікті жақсарту түсетін қадам деген сөз.

Жалпы, осы күндері Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан президентімен де, Армения Премьер-министрімен де телефон арқылы сөйлесті. Өзара пікір алмасуларда біз жоғарыда сөз еткендей, Қазақстан Президенті Дональд Трамптың белсенділігін атап өткен. Илхам Әлиевпен тілдескенде Қазақстан басшысы АҚШ президенті Дональд Трамптың белсенді әрі тиімді атсалысуымен Вашингтонда Әзербайжан мен Армения арасындағы қатығысты бейбіт жолмен реттеу туралы тарихи декларацияға қол қойылуымен құттықтаған. Сонымен бірге К.Тоқаев аталған құжатқа халықаралық құқық қағидаттары мен БҰҰ жарғысына сәйкес қол қойылғанын атап өтті. Тиісінше, бұл Әзербайжан мен Арменияның стратегиялық мүдделеріне толығымен сай келеді, сондай-ақ Кавказда халықаралық ынтымақтастықтың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Қазақстан Әзербайжанның стратегиялық серіктесі ретінде өнірде көптен күткен бейбітшіліктің орнауын шын ниетпен қолдайды.

Сонымен бірге К.Тоқаев екі ел арасында өтуі мүмкін келіссөздерге Қазақстан алаң ұсына алатынын айтқан. Сөйтіп, бейбітшілікті сақтау мен жанжалдарды тоқтатуға бағытталған қадамдарды әрдайым жақтайтынын аңғартып отыр. Мемлекет басшысы Армения Премьер-министрімен тілдескенде де осы ұсынысты айтты. «Қазақстан келіссөздерге өз алаңын ұсына отырып, Армения мен Әзербайжан арасындағы саяси диалогке одан әрі септігін тигізуге ниетті», — делінген ресми ақпараттарда.

Қ.Тоқаев тарихи маңызы бар бұл құжатқа Никол Пашиняның саясаткер ретіндегі алғырлығының аркасында қол қойылғанын атап өткен. Ол мықты саяси ерік-жігерге ие екенін көрсетіп, өз мемлекетінің ұлттық мүдесі жолында стратегиялық көрегенділік танытты.

«Декларация Оңтүстік Кавказдағы ауқымды халықаралық ынтымақтастыққа, сондай-ақ Қазақстан мен Армения арасындағы анағұрлым қарқынды экономикалық және инвестициялық ықпалдастыққа жол ашады», — делінген Ақорда таратқан ақпаратта. Яғни, Әзербайжан мен Армения арасындағы шиеленістің түбегейлі шешілуі біздің де қолайлымызға жағады деген сөз. Өйткені қазір қандай да бір мемлекеттің жеке-дара дамуы мүмкін емес. Көрші-қолаңмен

тату болып, олармен өзара ынтымақтастықты арттыру арқылы алға бет түзеген елдер ғана озатын заман. Қазақстанның сыртқы саясатында аймақ елдерінің бір ұстаным танытуын жақтайтын бағыттың басым болуы содан. Қазақстан Президенті Орталық Азия мен Кавказдағы елдердің өзара интеграциясында шешілмеген түйін қалмауы керек екенін аңғартып жүр. Әзербайжан мен Армения арасында бітімге келу үшін қадамдардың жасала

бастағанына қуанатымыз да содан. Ал Никол Пашиняның Қазақстанның Армения мен Әзербайжанды татуластыруға қосқан үлесін оң бағалады.

Қысқасы, тамыздың алғашқы онкүндігінде Қазақстан сыртқы саясатта өз ұстанымының нақты екенін тағы айдай әлемге паш етті. Астана бейбітшілікті, аумақтық тұтастықты жақтайды. Соғыстар мен қажығыстардың тоқтағанын, дау-жанжалдың дипломатиялық жолмен шешілгенін қалайды. Бұл — Қазақстан Президентінің ең негізгі саяси ұстанымдарының бірі. Бәлкім, содан да шығар, Астананың ұстанымына назар аударатын мемлекеттер саны артып келеді. Айталық, Қасым-Жомарт Тоқаев осы күндері Илхам Әлиевпен және Никол Пашинямен ғана емес, Украина президенті Владимир Зеленскиймен де телефон арқылы сөйлесті. Ресми Киевтің бастамасымен өткен тілдесуде Мемлекет басшысы Қазақстанның әуел бастан әділдік негізінде бейбітшілік формуласын бірлесе іздеуді жақтағанын, БҰҰ жарғысын, мемлекеттердің егемендігі мен аумақтық тұтастығына қолсұқпаушылық қағидатын сақтау туралы жүйелі түрде пікір білдіргенін еске салды. Қазақстан Президенті территориялық түйткілдің күрделі екенін түсінетінін атап өткен. Бұл — халықаралық қатынастардағы ең қиын мәселе. Көбіне бейбітшілік туралы келісімге қол жеткізу, тіпті бітімге келу жолында енсерілуі қиын кедергіге айналатынын айтқан. Сөйтіп, тағы да БҰҰ жарғылары мен қағидаттарын басшылыққа алу қажет екенін, ешбір мемлекеттің аумақтық тұтастығының бұзылмауын жақтайтынын аңғартқан.

Айтпақшы, Әзербайжан мен Армения бітімінде аумақтық тұтастыққа құрмет бар. Екі жақтың арасында жер дауы болмайды. Дегенмен тұтас аймақтың игілігі үшін Армения аумағы арқылы «Зангезур дәлізі» жобасы іске асырылуы мүмкін. Оны Дональд Трамп та қолдаған. Бірақ Қазақстан Президенті бұл жобаның нақты атын атап, түсін түстемеді. Тек декларацияның Оңтүстік Кавказда ауқымды халықаралық ынтымақтастыққа жол ашатынын айтқан. Бұл да дипломатияның көрінісі.

Асхат ҚАСЕНҒАЛИ, саясаттанушы:

ЗАНГЕЗУР ДӘЛІЗІ АШЫЛСА, ҰТАРЫМЫЗ КӨП

Қазақстанның Әзербайжан мен Армения басшыларының арасында бітімге келу жөнінде декларацияға қол қоюын қолдауы сарапшылардың да назарын аударды. Мамандар аймақтағы тұрақтылықтың Қазақстан үшін де маңызды екенін мойындап отыр. Біз саясаттанушы Асхат Қасенғалиге хабарласып, келісімнің мән-маңызы жайлы сұрадық.



- Оңтүстік Кавказдағы шиеленістің дұрыс шешілуі бізге не береді?
- Қазақстан ұзақ жылдар бойы Ресейді негізгі транзит аумағы етті. Мұнайдың басым бөлігі Ресей аумағы арқылы тасымалдануда. Қазақстанның Еуропаға аттанатын тауары да Ресей аймағы арқылы өтіп жатыр. Сәйкесінше, бізге де Еуропадан келетін тауар түрлері негізінен Ресей арқылы кіреді. Алайда Украинаға Ресей басып кірген сәттен кейін бұл бағытта түрлі кедергі пайда болды. Мұнай тасымалдауы бірнеше мәрте тоқтап қалды. Украина және Беларусь арқылы тауар өткізу қиына соғуда, кей жағдайда тіпті мүмкін емес. Әскери жағдай Ресейді транзиттік тартымдылығынан айыруда. Оның үстіне, өз аумағындағы мұнай тасымалдау құбырларын Мәскеудің өзгелерге қысым тетігі ретінде қолданатын сәттері аз емес.
- Мұндай сәтте бізге балама бағыттарды іздестіру маңызды. Соның бірі Транскаспий бағыты саналады. Қазақстан Әзербайжан аумағы арқылы мұнай тасымалдауды соңғы жылдары бірнеше есе арттырды. Баку-Жейхан құбырына қазақ мұнайы көбірек құйылатын болды. Енді, міне «Зангезур дәлізі» ашылса, Оңтүстік Кавказ Еуропа мен Азияның арасындағы негізгі сауда жолына айналуы мүмкін. Қазақстан енді Әзербайжан-Зангезур-Нахичеван-Түркия бағыты арқылы тауарын жөнелте алмақ. Дәл осы бағыт арқылы біз мұнай өнімдерін де жеткізуді арттыра аламыз. Алдағы уақытта бұл бағыттың мүмкіндіктері артады.
- «Орта дәліз» жобасына АҚШ-тың араласуының артықшылықтары неде?
- Зангезурды АҚШ компаниялары жалға алуы мүмкін. Олар тауар тасымалдау көлемін арттыру үшін инфрақұрылымдық жобаларды іске асырады. Теміржол, электр желілері, қоймалар, терминалдар, автожолдар салады дегендей. Бұл көбірек тауар жөнелтуге мүмкіндік береді. Сөйтіп, бұл бағыт маңызды экономикалық құрғамыра айнала бастайды.

- Әлбетте, аталған бағыт бойынша негізінен Қытай мен Еуропа тауары тасымалданады деуге болады. Сәйкесінше, Қазақстан аумағында көлік-логистикалық жобалар іске асуы тиіс. Себебі Қытайдың құрлық арқылы тасымалданатын тауарының басым бөлігі біздің аумақпен өтеді. Еуропа тауары да біздің аймақ арқылы Қытайға жөнелтіледі. «Зангезур дәлізінің» ашылуы Қытай-ЕО сауда айналымының құрлықтық үлесін арттыра түседі. Ал АҚШ «Зангезур дәлізін» жалға алу арқылы экономикалық пайда таппақ.
- Зангезур дәлізі Панама каналының құрлықтағы үлгісіне айналуы мүмкін бе?
- Бұл дәлізді құрлықтағы «Панама каналы» деуге болады. Панама каналында әр өткен кемеден салық алынады, «Зангезур дәлізінде» әр өткен көліктен салық алынуы мүмкін. Идея соған сай жасалуда. АҚШ дәлізді жалға алу барысында оңтүстік Кавказдағы тыныштыққа кепілдік берді деуге болады. Себебі бұл дәлізге АҚШ компаниялары инвестиция салады. Артынша сол салынған қаржының пайдасын көруді мақсат тұтады. Қаржы мен инвестицияның тыныштықты жақсы көреді. Сол үшін АҚШ Армения мен Әзербайжанның арасында келісім болғанын қалады. Әлбетте, Ресей мен Иран іспеттес мемлекеттер бұл дәліздің ашылуына қарсы. Түрлі арандату әрекеттерін жасауға ұмтылуы мүмкін. Дегенмен соңғы геосаяси оқиғаларға қарай отырып, Мәскеу мен Тегеран бұл дәліздің ашылуына әскери тұрғыдан тікелей кедергі жасауы екіталай деп санаймын.

- Біз үшін оңтүстік Кавказдың тыныш болғаны қажет. Біз транзит аумақтарын әртараптандырып жатырмыз. Соның ең маңызды бағытының бірі осы аймақ саналады. Сол себепті де Қазақстан Вашингтонда жасалған келісімді қолдады, Армения мен Әзербайжан арасындағы диалогті жағымды ақпарат деп атады.
- Пікіріңізге рақмет!



Оңтүстік Кавказ аймағы «Транскаспий халықаралық көлік дәлізі» немесе «Орта дәліз» жобасында шешуші рөл атқаратын өңір. Қазақстанның көлік-логистикалық кешені мен транзиттік бағыттарын әртараптандыруға мүмкіндік беретін жобаға әлемдегі ең қуатты мемлекеттің араласуының мәні зор.

Еліміз бейбіт келісімнің негізгі шарттарына қатысты сыртқы істер министрлерінің деңгейіндегі келіссөз алаңы ретінде Алматы қаласын ұсынды.

«Министрлер арасындағы келіссөздер Алматыда өтті», — делінген Президенттің баспасөз қызметі таратқан мәлімдемеді. Осылайша, Қазақстан Оңтүстік Кавказ тағдырына қатысты қабылданған шешімді қолдап қана қоймай, қос елді бітімге келтіру үшін нақты қадамдарға барғанын атап өтті. Расында да, Әзербайжан мен Армения арасындағы келіссөздер былтыр Алматыда екі елдің сыртқы істер министрлері оша кездескен соң жана сатыға көтерілген еді. Ол кезде Қазақстан тарабы екі елдің арасындағы түсініспеушілікке өзгелердің араласқанын, үшінші мемлекеттердің «төрелік» жасағанын күп көрмейтінін аңғартқан. Сөйтіп, ресми Баку мен Ереван өкілдері ірі державалардың «кеңесіне» жүгінбестен, өзара келіссөздер баста-

ниет танытса, оны қолдаған жөн. Оның үстіне, АҚШ БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты мүшесі ғана емес, әлемде экономикалық қуаты, ықпалы жағынан көш бастап тұрған мемлекет. Біздің пайымдауымызша, Қазақстан тарапы да мәселеге осы позициядан қарайтын сияқты.

Екіншіден, Оңтүстік Кавказ аймағы «Транскаспий халықаралық көлік дәлізі» немесе «Орта дәліз» жобасында шешуші рөл атқаратын өңір. Қазақстанның көлік-логистикалық кешені мен транзиттік бағыттарын әртараптандыруға мүмкіндік беретін жобаға әлемдегі ең қуатты мемлекеттің араласуының мәні зор. Жобаның саяси және экономикалық салмағы арта түседі. «Орта дәліз» бағытына экономикалық қуаты жағынан жаһанда екінші орында тұрған Қытай онсыз да қолдау көрсетіп, дамуына мүдделі болып отыр. Себебі Қытай мен Еуропа арасындағы құрлықтағы жүк тасымалының 80%-і Қазақстан жері арқылы өтеді. Енді

14 ТАМЫЗ | БЕЙСЕНБІ

Әлем әлеуметтік желіден бас алмайтын заманнан да мезі бола бастады. Бүгінде жастардың ақпарат әлемінен уақытша ажырауы сәнге айналғандай. Жастардың digital detox-қа бет бұра бастауына жауап іздеп көрдік.


Ресми деректерге көз жүгіртсек, әлемде 210 миллион адам әлеуметтік желіге тәуелді. 2024 жылы Германияда 18-24 жас аралығындағы жастардың 84%-ы смартфонды шамадан тыс қолданатынын мойындаған, ал АҚШ-та жасөспірімдердің 60%-ы телефонға тәуелді екені расталған. Әлемді жайлаған ақпарат тасқыны елімізді де айналып өтпесі анық. Таң сәріде телефонды құшақтап оянып, кеш түскенде, телефонға телмірген күйі ұйқыға кету өмір салтына айнағалы қашан. Гаджет пен ғаламтордың шырмауына түскендердің депрессия, мазасыздық, ұйқының бұзылуы, көздің шаршауы, мойын мен арқа аурулары, семіздік секілді қаншама кеселмен бетпе-бет кездесетінін айтпасак та, көзі ашық оқырманның білетіні хақ. Әлеуметтік желіге әуестіктің немен тынарын түсінген жастар да ақпараттық шектеудің керегін саналы тұрғыда түсінген-ді.

2025 жылы әлем жастары digital detox жасауды трендке айналдырды. Милле-ниалдардың 49%-ы, ал Gen Z өкілдерінің 44%-ы экран уақытын саналы түрде қысқартуға тырыса бастаған. 2025 жылы цифрлық детокс ретриттеріне қатысу 30%-ға артты. Демек, өткен күнге карағанда өзгерістің бары байқалады.

WI-FI-сыз ҚОНАҚҮЙ — ЖАҢА КОМФОРТ ФОРМУЛАСЫ

Қазір жаһанда цифрлық детокс жасау туризм әлеміне де ерекше серпін беріп отыр. Халықтың ақпараттық шектеуге қызыққаны сонша сол үшін бума-бума акшасын бере салудан аянбайды да, тайынбайды. New York Post басылымының жазуынша, Мексикадағы Grand Velas және Нью-Йорктегі Urban Cowboy Lodge сынды демалыс орындары қонақтарға ерекше қызмет ұсынады. Мұнда келген қонақтар цифрлық құрылғыларын түгелдей арнайы қорапқа салып, ақпараттық өмірден бас тартуға тиіс. 48 сағат ішінде кейбір келушілер өзін жағымсыз сезініп, тіпті есінен танып қалған жағдайлар да кездескен, ал кейіннен

DIGITAL DETOX: САНАҢДЫ ТАЗАРТАР ҮЗІЛІС



ұстаздар да жоқ емес. Соның бірі — AIQA білім академиясының ұстазы, «Астана» дәстүрлі-зияткерлік курсының жетекшісі Нұрболат Кәрібай.

— XXI ғасырда адамдар ақпараттың жетіспеуінен емес, ақпараттың көптігінен, ақпараттық семіздіктен зардап шегеді. Толассыз келген ақпараттың толқыны адамның санасына толық сіңбей қалып жатыр. Адам алған ақпаратын ой елегінен өткізіп,

олар он күн бойы телефонды мүлдем қолына алмайды. Қатысушылар сырттан келетін қокыс ақпараттан тазару үшін ұлттық құндылықтарды бойға сіңіріп, ертегі, аңыз, қисса оқып, Абай, Шәкәрім өлендерін жаттап, нағыз цифрлық детокс жасайды. Салт-дәстүр туралы түрлі әңгіме құрып, кітаппен достасады, осылайша, жас буын санасын сергітіп, зейінін реттеуге тырысады екен.

2025 жылы әлем жастары digital detox жасауды трендке айналдырды. Милле-ниалдардың 49%-ы, ал Gen Z өкілдерінің 44%-ы экран уақытын саналы түрде қысқартуға тырыса бастаған.

толғанып-ойланып, тұжырымдап сіңіре алмаса, уақытша жалтан сәлден соң өшіп кетеді. Қазір жастардың зейінінің, жаттау қабілетінің нашарлауының да себебі — осы. Бұрын ақпар аз, бір ғана кітап қолға түседі, таласып-тармасып соны окисың, тұшынып, керегін аласың. «Смартфонсыз 10 күн» курсың өткізуіміздің себебі де сол, өскелен ұрпақтың уақытын тиімді өткізіп, digital detox жасау, — дейді Н.Кәрібай.

Жобаның негізін қалаған ұстаздың айтуынша, оқушылар курсқа келген күні телефонын сөндіріп, ұстазға тапсырады,

— Digital detox жасауға арналған жазғы лагерь, курстарға сұраныс артып келеді. Хабарландыру берген сайын қатысушылар лек-легімен толып қалады. Курсқа қайталап қатысатын оқушылар да бар. Жыл сайын кемінде үш-төрт бала «Смартфонсыз 10 күнге» қайта келеді. Әрине, демалыс уақытында кімнің сабақ оқығысы келеді, кімнің гаджеттен тыйылғысы келеді, балаларға оңай емес. Амал жоқтықтан, ата-анасы жібергеннен келетін бала көп, бірақ сол қатысқан бала өмір бойы рақметін айтады. Осындай жобаны қолға алғаным

бес жылдан асты. Оқушыларымның көбі әлі күнге дейін хабарласып, алғысын айтады, — дейді курс жетекшісі.

ЭКРАННАН АЖЫРАУ — АҚЫЛҒА АЗЫҚ

Әлбетте, цифрлық құрылғысыз жұмыс-сың бітпейтін заманда, әлеуметтік желі мен смартфонсыз өмір сүру мүмкін болмай барады. Бірі әлеуметтік желі арқылы саудасын жүргізіп, табыс тапса, бірі шығармашылығын дамытады, ал тіпті бірі халыққа рухани азық пен пайдалы білім беріп жүр. Осы ретте диктор, блогер Раушан Дәулетқызы әлеуметтік желіден керегін алып, құрал ретінде саналы пайдалану керегін айтады.

«Әлеуметтік желіде көп отырасың, одан кейде ажырау да керек. Біз де ажырай алмай жүрміз, бірақ әлеуметтік парақшамды жүргізуді хоббиім, жұмысым ретінде ғана қараймын. Адамдар алты күн жұмысқа барса, сол секілді әлеуметтік желі де — менің жұмысым. Телефонсыз, әлеуметтік желісіз өмір сүре алмаймын дейтіндей тәуелділігім, құштарлығым жоқ. Жұмыс ретінде қарап, осы арқылы табыс табамын. Бары — сол», — дейді блогер.

ZIALLY URPAQ мектебінің математика пәнінің мұғалімі, куратор Салтанат Қырдыбайқызы да жастардың жұмысы смартфонмен тікелей байланысты екенін, дегенмен жұмыстан соң цифрлық тыныштықты аңсайтынын айтады.

— Куратор болғандықтан, күні бойы оқушылармен де, ата-аналармен де үздіксіз байланыста боламын. Көп жағдайда жұмысым тек білім берумен емес, түрлі мәселені шешумен өтеді. Сол себепті кешке әлеуметтік желіден шаршап, телефоныма қарамай, тыныштық іздейтінім бар. Маған кейде өзіммен-өзім қалып, ойымды жинақтап, миымды тынықтырып алу маңызды. Бұл жұмысымды өнімді істеуге, қайта күш жинауға көмек береді. Күніне кем дегенде, 5-6 сағат болса да, телефонға қарамауға тырысамын әрі үзіліссіз смартфонға шұқшиғаным көзді де шаршатып жібереді. Телефонымды ешқашан басымға жастап ұйықтамаймын, өзімнен алыс қоямын, — дейді жас математик.

Расымен де, XXI ғасырда ақпарат ағынынан толыққанды ажырау оңайға соқпайды. Десек те, еліміздің жастары да цифрлық тыныштықты қалап, өмірді үйлесімді сүруге бет бұрғаны көңіл қуантарлық.

Айсұлу СЫЕЗХАН

5G САПАЛЫ БАЙЛАНЫСҚА ЖОЛ АШПАҚ

Speedtest Global Index-тің жаңартылған деректеріне сәйкес, биылғы маусым айында еліміз мобильді интернеттің жылдамдығы бойынша елдер рейтингінде үш сатыға көтеріліп, 103 елдің ішінде 47-орынға ие болды. Қазақстандағы мобильді интернеттің орташа жылдамдығы 87,27 Мбит/с шамасына жетті.



Айта кетерлігі, Қазақстан ТМД елдері арасында айтарлықтай басымдықпен абсолютті көшбасшы атанды. Одан бөлек, интернет жылдамдығы бойынша Гонконг, Венгрия, Румыния, Испания, Германия, Ұлыбритания, Түркия, Ирландия, Жапония сынды бірқатар елді басып озды.

ЕЛІМІЗДЕ ИНТЕРНЕТ ҚАРҚЫНЫ КҮШТІ

Еліміздегі интернет қарқыны соңғы жылдары үздіксіз артуда. Тек биылғы қантар айымен салыстырғанда, бұл көрсеткіш 6,7%-ға ұлғайды.

Отандық мобильді байланыс жылдамдығы бойынша әлемдік аренадағы көрсеткіштерінің жақсаруына басты себеп — 5G желілерінің дамуы. Елдегі көрсеткіштердің өсуіне дәл осы 5G желісінің іске қосылуы әсер етті, бұл жайтты Ookla (Speedtest Global Index) сарапшылары бірнеше рет атап өтті. Бұған дейін Қазақстанда 5G желісінің жылдамдығы 4G желісінен 10 еседен аса жоғары екені айтылған еді.

Қазақстанда бесінші ранг желісін тек Tele2/Altel және Kcell дамытып жатыр. Биыл шілде айында Ookla елдегі ең үздік 5G желісінің иесі ретінде Tele2-ні марапаттады. Женіс Speedtest Connectivity Score индексінің негізінде берілді, бұл көрсеткіш тек деректерді беру жылдамдығын ғана емес, сонымен қатар нақты пайда-

ланушы тәжірибесін де ескереді: бейне-жазбаны жылдам іске қосу, оны HD сапада және одан жоғары деңгейде кіріспізсіз әрі үзіліссіз көру, сондай-ақ веб-парақтардың тез жүктелуі.

Сонымен қатар елімізде интернетке қатысты ауқымды келіссөз жүргізілді. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Starlink компаниясы (SpaceX-тің еншілес құрылымы) спутниктік интернет қызметін Қазақстан аумағында ресми іске қосу туралы келісімге қол қойды. Құжат компанияның еліміздің ақпараттық қауіпсіздік және байланыс саласындағы заңнамасын толық сақтай отырып жұмыс істеуін көздейді.

Құжат Қазақстан халқы үшін Starlink спутниктік терминалдарын ресми түрде сатуды іске қосуды көздейді, сатылымдар 2025 жылдың үшінші тоқсанында басталады деп жоспарланып отыр. Жобаны іске асыру — елдің шалғай өңірлерін жоғары жылдамдықтағы спутниктік интернетпен қамтамасыз етуде маңызды қадам болмақ. Бұл цифрлық байланыс мүмкіндіктерін кеңейтіп, телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға тың серпін береді.

«Қазақстан — аумағы кең, халқы әр өңірге шашыранқы орналасқан ел. Барлық тұрғынды сапалы интернетпен қамту үшін біз талшықты-оптикалық байланыс

желілерінен ұялы байланыс мұнараларына дейінгі түрлі тәсілді қолданамыз. Алайда жайылымдар, таулы ауылдар мен шалғайдағы кәсіпорындар сияқты қолжетімділігі күрделі аймақтар да бар. Ондағы тұрғындар да сапалы интернетке қол жеткізуге тиіс. Қазір әлемде бұған мүмкіндік беретін технологиялар бар. Бүгінге дейін Starlink елімізде тек мектептерге интернет ұсынып, пилоттық режимде жұмыс істеп келді. Ал халық үшін ол ресми түрде қолжетімсіз еді. Енді біз келісімге келдік, компания ақпараттық қауіпсіздік пен байланыс саласындағы ұлттық заңнама талаптарына сай жұмыс істейтін болады. Биыл қажетті жұмыстар жүріліп, тұрғындар ресми әрі заңды түрде спутниктік интернетке қосыла алады», — деді министр Жаслан Мадиев.

ІРІ ҚАЛАЛАРМЕН БӘСЕКЕДІМІЗ



Қазақстандағы 5G желісінің дамуы елдің жаһандық нарықтағы позициясын нығайтып қана қоймай, сонымен қатар еліміздің ірі қалаларының тиісті рейтингтегі орнын жақсартты. Астана мен Алматы ТМД елдерінің қалалары арасында абсолютті көшбасшыларға айналды.

Интернет жылдамдығы Астанада 152,95 Мбит/с шамасын, ал Алматыда 131,96 Мбит/с шамасын құрап, әлемдік рейтингте 43-інші және 63-інші орындардан көрінді. Айтпақшы, біздің «сүйікті» Токио 72,5 Мбит/с көрсеткішімен қалалар арасындағы рейтингте 94-орында тұр.

Айта кетерлігі, Ookla (Speedtest Global Index) — байланыс сапасын талдау саласындағы әлемдегі ең беделді дереккөздердің бірі. Әртүрлі дереккөзден алынған мәліметтерді пайдалана отырып, Ookla желілер мен қосылымдардың жай-күйі туралы дәл әрі іс жүзінде қолдануға болатын инсайттар ұсынып, өнімділік көрсеткіштерін телеком нарығы үшін стратегиялық маңызды ақпаратқа айналдырады. Бүгінде бүкіл әлем бойынша миллиондаған пайдаланушы мобильді желілердің сапасын бағалау үшін Speedtest қызметіне жүгінеді.

АУЫЛДАҒЫ ИНТЕРНЕТТІҢ ХАЛІ НЕШІК?

Биыл Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен «Қазактелеком» АҚ 3 000-нан астам ауылды интернетке қосу туралы инвестициялық келісім жасалды деген бола-тұғын. Осылайша, жоба 2027 жылдың соңына қарай елдегі ауылдардың 99%-ын



жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Қазақстанда 6 290 ауыл бар, оның ішінде сымды интернет арқылы оптика 2 606 ауылға жеткізілді. Ұлттық жоба шеңберінде МЖӘ тетігі арқылы 3 010 ауылға оптикалық байланыс желілерін қосу көзделуде. «Соңғы» тұтынушы болмаған жағдайда шағын және орта байланыс операторларының күрделі шығындарының 50%-ын субсидиялау тетігі пайдаланылады. Нәтижесінде, 2,4 млн адамның интернетке қолжетімділігі қамтамасыз етілмек, — делі Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мадиев.

Еліміздегі кейбір аймақтағы ауылдарда мобильді интернет әлі де өз деңгейінен төмен сапада жұмыс істеп тұр. Тарбағатай ауданының тұрғыны, мұғалім Мейіржан Темірбектің айтуынша, мобильді интернеттің ақшасы қымбаттап, өскенімен сапасы жақсармады дейді.

— Ауылдың іргесінде небәрі 400 метр қашықтықта интернет құрылғысы тұрғанымен, сапасы өте төмен. Телефон экранында 4G белгісі көрінгенімен, интернет мүлде жұмыс істемейді. Үйге немесе кез келген ғимаратқа кірсең, байланыс бірден нашарлап, кейде мүлдем үзіліп қалады. Мұндағы жағдай тек интернетке ғана емес, жалпы ұялы байланысқа да қатысты. Ал мектептерге бөлінетін шектеулі интернет трафиі лезде таусылады. Өйткені мұнда адам саны көп, әрі интернетті пайдалану аясы кең болғандықтан, желі жиі істен шығады, — дейді мұғалім.

Министрліктің сөзінше, мобильді интернет бүгінде 4 866 ауылда қолжетімді. Салық жеңілдіктері аясында 2023 жылы 1 161 ауыл 4G технологиясына қосылды. Қалған 1 424 ауыл бойынша жұмыс жалғасып жатыр.

Әсет ҚАЛИ



ОТАНДЫҚ ЭКОНОМИКАҒА ЖАҢА СЕРПІН

Атырау вагон шығаратын зауытының базасында жылына вагондарға арналған 10 мың жұп доңғалақ шығаратын кәсіпорын іске қосылды. Бір ғажабы, Атырау облысында ашылған алғашқы вагон-доңғалақ шеберханасы жүк вагондарына арналған доңғалақ жұптарын шығару және оларды толық циклде күрделі жөндеуден өткізу бойынша өндірісті толық автоматтандырған.

А Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

Кәсіпорынның ашылуына Атырау облысы әкімінің орынбасары Марат Мурзиев, TEXOL компаниялар тобы директорлар кеңесінің төрағасы Шота Абхазва қатысып, нысанның жұмысымен танысты. Атап өту керек, мұндай шеберхана Атырау облысында бұрын-соңды болмаған. «Махамбет» өнеркәсіптік-өндірістік кешені аумағында орналасқан жаңа кәсіпорын TEXOL компания тобының құрамына кіреді. Заманауи стандарттар бойынша жабдықталған.

— Бұл жобаның маңызы тек өндірісте емес, өнеркәсіпті әртараптандырудың нақты бағыты саналады. Осыған дейін тек сырттан әкелінетін бөлшектер енді өзімізде өндіріле бастады. Жалпы, «Махамбет» өнеркәсіптік-өндірістік кешені индустриалды аймаққа айналды. Мұнда вагон жөндеу, компоненттер шығару, газ терминалдары мен арнайы техникалық қызмет көрсететін нысандар

Қазір мұнда 80-нен астам адам еңбек етеді. Олар арнайы оқудан өтіп, біліктілігін арттырған. Айта кету керек, Атырауда былтырғы жылдан бері жүк вагондарын шығаратын зауыт жұмыс істеп келеді. Атырау вагонқұрылысы зауыты жүк вагондарын және мұнай өнімдерін, сұйытылған газ бен өнеркәсіптік жүктерді тасымалдайтын цистерналар шығаруға мамандандырылған. Зауыттың толық қуатына көшу кезеңі 2027 жыл деп жоспарланып отыр. Осы кезде зауыт жылына 6-7 мың вагон шығарады. Қазір зауыттың өндірістік аумағы 17 мың шаршы метрді құрайтын зауыт аймағы 2027 жылға қарай 62 шаршы метрге дейін кеңейеді. Негізгі өндіріспен қатар мұнда вагонның әртүрлі компонентін жасайтын цехтар бар, алға қарай орта және ұсақ вагон құймаларға арналған құйма цехы да ашылмақшы. Мұндай цехтың ашылуы импортқа тәуелділіктен де құтқарады.

Зауытқа салынған инвестицияның жалпы көлемі — 160 млрд теңге. Ал бастапқы кезеңдегі инвестиция көлемі 170 млн доллар көлемінде болып отыр.



шоғырланған. Жакын арада құйма өндірісін іске қосу жоспарланып отыр. Бұл кадам жергіліктендіру деңгейін 96%-ға дейін жеткізіп, импортқа тәуелділікті айтарлықтай азайтады. Атырау облысы осындай жобаларға үнемі қолдау көрсетеді. Бұл жаңа жұмыс орындарын ашып, жергілікті мамандардың дамуына мүмкіндік беріп, экономиканың өркендеуіне негіз болады, — деді Атырау облыстық Өнеркәсіп және кәсіпкерлік басқармасының басшысы Данияр Орынбасаров.

Осы жылдың мамыр айында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның құзыретті комиссиясы ревизиялық құрылым және вагон шаруашылығы саласының мамандарымен бірге өндірісті кешенді тексерістен өткізді. Нәтижесінде, бірнеше типті доңғалақ жұптарына ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу жүргізу, сондай-ақ жаңа доңғалақ жұптарын шығару үшін «3038» шартты нөмірі берілді. Сол уақыттан бері компания 300 доңғалақ жұбын жасап үлгерген. Дайын өнімді вагон шығаратын Техол компаниясы пайдаланып отыр.

— Жалпы, нарықта вагондарға арналған доңғалақ жұптарына сұраныс жоғары. Өйткені Атырау облысында теміржол инфрақұрылымы дамуда. Біздің салада доңғалақ «вагонның жүрегі» деп аталады. Яғни, ол үнемі үйкелісте, қозғалыста болады. Бір доңғалақ жұбы шамамен 2-3 жыл сайын күрделі жөн-деуден өтуі керек. Ал өндіріске келетін болсак, шеберханамызда 2 сағатта 1 доңғалақ шығарылады. Барлық жұмыс толықтай автоматтандырылған, — деді «ВКМ Атырау» ЖШС бас инженері Ерұлтан Жамашев.

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛУДЕ

Алматы облысында білікті мамандардан құралған мобильдік медициналық топтар шалғай орналасқан ауылдық елді мекендерге барып, жергілікті тұрғындарға тегін медициналық көмек көрсетуді бастады. Тамыздың 11-нен басталған бұл шара барысында Балқаш, Кеген, Райымбек және Ұйғыр аудандары қамтылады.



ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ – ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТҰҒЫРЫ

Тұмса табиғатты қасақана жұтаңдатып, саны сиреген сүйкімді аң-құсын аяусыз жайрататын, қалың орманын отап тастайтын браконьерлік деректері әлі күнге тыйылар емес. Табиғаттың әр пұшпағын қастерлеп, заңның қорғанында ұстау – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті болса, браконьерлікпен күрес полиция мен прокуратураның ғана емес, табиғат жанашырларының, жергілікті билік пен құзырлы мемлекеттік органдардың да күн тәртібіндегі маңызды ісіне айналған.

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Осы бағытта тек мемлекеттік құрылымдар емес, экологиялық бағыттағы қоғамдық бірлестіктер мен партиялар да өз үлесін қосып жатқанын атап өткен жөн. Мәселен, жергілікті табиғат жанашырлары мен «Байтақ» партиясының Ақмола облыстық филиалы да табиғатты қорғау мәселелерін көтеріп, экологиялық мәдениетті арттыру бағытында жергілікті бастамаларды барынша қолдап келеді.

Солардың ішінде табиғатты қорғау ісінде жүйелі жұмыс жүргізіп, нақты нәтижеге жетіп отырған мекемелердің бірі — Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы. Бұл мекеменің қызметін экология саласындағы ғана емес, ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылықтың құрамдас бөлігі деп бағалауға толық негіз бар.

**ЗАҢ МЕН ӘДІЛЕТ
ТАРАЗЫСЫНДА –
БРАКОНЬЕРЛІКПЕН КҮРЕС**

Биылғы жылдың алғашқы күндерінен бастап-ақ аумақтық инспекция қызметкерлері жануарлар дүниесін заңсыз пайдалануға және браконьерлік әрекеттерге қарсы алдын ала бекітілген жоспар бойынша кешенді шараларды қолға алған. Тек жыл басынан бері ғана 15 әкімшілік құқықбұзушылық дерегі тіркелгені анықталды. Бұл — тек статистикалық көрсеткіш емес. Әрбір деректің артында табиғатқа жасалған ауыр қиянат, заңға жасалған құрметсіздік, елдің ортақ байлығын жеке пайдасына жаратпақ болған арам пиғыл жатқаны даусыз.

Осыған орай занды белден басып, өрескел әрекетке барғандар жауапкершілікке тартылды. Мәселен, төрт дерек бойынша Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 143-бабының 1-бөлігі негізінде жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне мемлекеттік меншік құқығын бұзғандар айыпталды.

Тағы бірқатар жағдайда аңшылық қағидаларын өрескел бұзғандар өшкереленді. Тіпті, тасбақаны заңсыз ұстаған, қасқырдың күшігін иемденген, табиғаттың еркесі — елікті еріксіз қолға түсіргендер де жауапқа тартылды. Нәтижесінде, 176 340 теңге көлеміндегі айыппұл салынып, оның 137 020 теңгесі толық өндірілді. Сонымен қатар табиғатқа келтірілген 176 940 теңге залалдың барлығы өтелгені мәлім болды.

Айта кетерлігі, жыл басынан бері инспекция мамандары 308 мәрте рейд жүргізіп, браконьерлік деректердің жолын кескен. Бұл рейдтер — жай ғана қағаз жүзіндегі тексеріс емес, кешікілік пен түнгі жортуылдарда, шалғай ауыл-аймақтарды қамтып өткізілген, нақты нәтижеге бағытталған шаралар болғанын атап өткен жөн.

Облыстық Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, құрамында 25 тәжірибелі дәрігер бар топ тоғыз түрлі бағытта медициналық қызмет көрсетеді. Мамандар тек кеңес берумен шектелмей, қажет болған жағдайда шағын оталар жасап, күрделі жағдайларда кешенді ем-дом жүргізуге дайын.

«Бұл бастама шалғай ауылдардағы медициналық қызметтің сапасын арттыруға бағытталған. Мобильдік топтар бір ай көлемінде жұмыс істейді және бұл шара тоқтамайды. Әр үш ай сайын осындай іс-шаралар жалғасын тауып, барлық ауданды қамтитын болады», — делі Алматы облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ержан Сүлейменов.

Медициналық топ құрамындағы дәрігерлер жуырда Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасындағы жетекші клиникалық орталықтарда біліктіліктерін арттырып қайтты. 25 маман акушерлік-гинекология, неонатология, травматология, онкология, эндоскопиялық хирургия, анестезиология және реаниматология салаларында заманауи емдеу мен диагностикалау тәсілдерін меңгерді.

Іле аудандық орталық ауруханасының ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі директордың орынбасары Рауан Әзімқұлованың айтуынша, Минск қаласында өткен оқыту барысында пневмопошта жүйесі мен медициналық қызметкерлердің науқастарға деген ерекше көзқарасы жоғары бағаға ие болған.

Мамандар енді шетелде жинақтаған тәжірибесін ел ішінде, соның ішінде ауылдық аймақтарда тиімді пайдаланып, медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға күш салмақ.

**ОРМАН – ЕЛДІН ЖАСЫЛ
ҚОРҒАНЫ**

Табиғатты қорғау тек аң-құсты сақтау емес. Орман — жан-жануарға пана, ал ел үшін — жасыл қалқан. Бірақ, өкінішке қарай, орманды заңсыз отап, қалың ағашты жаппай кесіп тастайтындар да азаймай отыр.

Мәселен, биыл тек Ақмола өңірінде 9 заңсыз ағаш кесу дерегі тіркелген. Жалпы кесілген ағаш көлемі 97,72 текше метр болса, келтірілген залал 883 312 теңгені құрады. Инспекция қызметкерлерінің тікелей араласуымен анықталған 3 дерек бар, олардың кесілген ағаш көлемі 66,51 текше метрді құраса, ал келтірілген залал көлемі 672 288 теңгеге жетіп жығылған.

Ведомствоның ұсынған деректеріне сенсек, тек жыл басынан бері орман және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда 65 мәрте тексеріс жүргізілген. Олардың 33-і жоспардан тыс болса, 32-сі жоспарлы түрде жүзеге асырылған. Нәтижесінде, 81 әкімшілік



Биыл тек Ақмола өңірінде 9 заңсыз ағаш кесу дерегі тіркелген. Жалпы кесілген ағаш көлемі 97,72 текше метр болса, келтірілген залал 883 312 теңгені құрады. Инспекция қызметкерлерінің тікелей араласуымен анықталған 3 дерек бар, олардың кесілген ағаш көлемі 66,51 текше метрді құраса, ал келтірілген залал көлемі 672 288 теңгеге жетіп жығылған.

істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты азамат Н.А.Шайкенді заңсыз елік атқаны үшін 3 жылға бас бостандығын шектеу және 5 жылға аң аулау құқығынан айыру жазасын тағайындады. Сонымен бірге сот шешімімен «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне келтірілген 2 949 000 теңге залал толығымен өтелді. Құқық бұзушының «ИЖ-58» маркалы мылтығы мемлекет меншігіне тәркіленді. Бұл қарақшылық пен браконьерлікке барғандарға салынатын жаза жеңіл болмайтынын тағы бір мәрте дәлелдей түседі.

іс қозғалып, 4 063 700 теңге айыппұл салынды. Бүгінде бұл соманың 100 пайызы толықтай өндірілді. Сондай-ақ табиғатқа келтірілген 524 900 теңге залалдың 91,09 пайызы өтелгені мәлім болды.

Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының жұмысы — экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етіп қана қоймай, ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға да тікелей үлес қосып отырған қызмет. Браконьерлік пен заңсыз ағаш кесу — тек экономикалық шығын емес, ұрпақтың табиғи мұрасын кеміту екені даусыз.

14 ТАМЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

КӨЗАЙЫМ

Жыл сайын 12 тамызда Халықаралық жастар күніне орай түрлі іс-шара ұйымдастырылады. Дәстүрге сай, биыл да елорда жастары айтулы күнді Есіл жағалауындағы амфитеатрда ерекше көңіл-күйде атап өтті. Jastar Fest жастар фестивалінің ауқымы кең болғаны сонша, іс-шараға 2 000-нан астам қатысушы мен қала қонағы жиналды.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Бұл күннің мақсаты да айқын. Ол – жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту, тәжірибе алмасуға жағдай жасау, суицидтің алдын алу, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру және құқықтық мәдениетті арттыру. Сондай-ақ заң мен тәртіпке тәрбиелеуге ерекше назар аударылды. Биылғы фестиваль Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен жүзеге асып отыр. Мұнда қала жастары ойын-сауыққа қанық болып қоймай, шығармашылық тәжірибе алмасу, адамгершілік құндылықтарды нығайту және құқықтық мәдениетті арттыру турасында білікті спикерлердің ойын білді. Сондай-ақ фестиваль аясында «Жұмысшы мамандықтары жылы» шеңберінде жұмысшы кәсіптерін насихаттауға және «Таза Қазақстан» бастамасы аясында экологиялық жауапкершілікті қалыптастыруға ерекше мән берілді.

Фестивальге Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнулқабден, Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев және бірқатар қонақ арнайы шақырылды.

— Жастар күні — мереке ғана емес, бұл белсенді жастарға көрсетілетін үлкен құрмет. Сіздер еліміздің жарқын болашағысыздар. Белсенді жастар әрқашанда қаламыздың қоғамдық, мәдени, экологиялық жобаларына қатысып жүр. Оның бәріне көзіміз жетті. «Жасыл ел» жобасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар — тек ағаш отырғызу не оны суару емес, ол кейінгі ұрпаққа деген үлгі, қоршаған ортаға деген ілтипат. Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған «Таза Қазақстан» экоакциясына белсенді қатысып жүргендеріңіз үшін алғыс білдіремін. Сіздерге үлкен үміт артамыз, — деді Табиғат Зейнулқабден.

Елордамызда 14 пен 35 жас арасында шамамен 455 мыңға жуық жас тұрады. Оның 135 мыңы — студенттер. Бүгінде соларға қолайлы жағдай жасалып жатқаны да белгілі. Кеш басында сөйлеген Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев жастар мәселесін шешудегі негізгі қадамдарға тоқталып, қала жастарын мерекемен құттықтады.

— Бүгін — Жастар күні. Бұл мереке әлемнің түкпір-түкпірінде аталып өтеді. Біз де сіздерді мерекені бірге атап өту үшін осы жерге жинадық. Білетіндеріңіздей, қала басшылығы мемлекеттік жастар саясатын дамытуға айрықша көңіл бөледі. Жатақханалар, мектептер,



ЖАСТАР МЕРЕЙІН АСЫРҒАН ФЕСТИВАЛЬ

университеттер салынып жатыр, мемлекет жастарға қамқорлық жасап, олардың дамуына жағдай жасап келеді. Баршаңызға барлық істе өркендеу, оқуда табыс, жеке даму тілейміз. Ең бастысы тоқтаманыздар, өздеріңізге сеніңіздер, сонда бәрі жақсы болады. Мерекелеріңізбен! — деп жылы лебізін білдірді Самат Ибраев.

Кешке қонақ ретінде шақырылған Мәдениет және ақпарат министрлігінің Креативті индустриялар департаментінің директоры, Қазақстандағы тұңғыш халықаралық гроссмейстер Гүлісхан Нахбаева жастарға бүгінде трендке айналған әлеуметтік платформалар, түрлі контент және креатив индустрия төңірегінде жинаған тәжірибесін айтып берді.

— Президет айтқандай, жастарымыз — тек ел болашағы емес, бүгінгі күннің айқындалатын күші. Біздің зерттеу орталығымыз 10 жылдан бері ұлттық баяндаманы жасақтап, мемлекеттік, квазимем-

Одан бөлек, спикерлер жастармен мотивация, спорт, әскери-патриоттық тәрбие, нашакорлықтың алдын алу және қаржылық сауаттылық тақырыптарында әңгіме өрбітті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, таңдалған спикерлердің әрбір сөзі жастарға өмірлік бағыт-бағдарын айқындап, белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыруға көмектесуге бағытталды. Атап айтқанда, Астана қаласы Қорғаныс істері департаментінің өкілі, полковник Ғани Артыкбаев соңғы екі жылда әскери қызметке Астана қаласынан 3 500 жас сарбаз кеткенін негізге ала отырып, 127 қыз-жігіттер офицер атағымен тек Қарулы күштеріміздің қатарына шақырылғанын айтты. Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің 2-Жедел басқармасының аға жедел уәкілі Гүлзия Қарсыбай жастарға алаяқтықтан сақтанудың алдын алу шараларын үйретсе, EasyStep платформа-

Қазіргі құндылықтарымыз соңғы 5 жылда еш өзгеріссіз келе жатыр. Оларды әрі қарай дамытатын да жастар. Ал контент жағына келсек, қазір жастардың 33%-ы рилс форматын көреді.

лекеттік органдарға өз ұсынысын жіберіп келеді. Мысалы, заманауи трендтердің бірқатар факторына тоқталсақ. Қазіргі құндылықтарымыз соңғы 5 жылда еш өзгеріссіз келе жатыр. Оларды әрі қарай дамытатын да жастар. Ал контент жағына келсек, қазір жастардың 33%-ы рилс форматын көреді. Платформалардың арасында Instagram, TikTok өтімді. Біз осындай трендтерді зерттей отырып, жастарға қандай мүмкіндік тудыра аламыз деген сұрақтың жауабын табуға тырысамыз. Сіздермен жұмыс істеуге әрдайым дайынбыз. Басты кредо — еңбек ету, — деді ол.

сының негізін қалаушы Әсел Сейфуллина жастар арасында экотехноолау арқылы экологиялық мәдениетті дамыту тақырыбында дәріс оқыды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, ашық форматтағы фестивальді таңдаудың басты мақсаты — іс-шараны жастар үшін барынша қолжетімді, шабыттандыратын және қызықты ету. Ең бастысы қатысушыларға тек демалып қана қоймай, білім мен идея қорын толықтыруға мүмкіндік берілді.

Жастар күткен фестивальдің жарқын әрі көңілді бөлімі — эстрада жұлдыздарының орындауындағы әнді тындау. Концерттің бұл бөлімінде жас аудиторияға танымал әндердің орындаушылары ән шыркады. Амфитеатр сахнасына Ersultan Omar, Madeniyett, Серік Гамза-заде, Bonapart, Ваха, Rick және Kazybek Kuraiysh шығып, мереке атмосферасын одан әрі қыздыра түсті.

Халықаралық жастар күні 1998 жылы Лиссабонда өткен Жастар ісі жөніндегі министрлердің Дүниежүзілік конференциясының ұсынымы бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімімен бекітілген. Ұйымдастырушылар мұндай іс-шараларды тұрақты өткізу білім алмасуға, мотивацияға, салауатты өмір салты құндылықтарын нығайтуға, белсенді азаматтық ұстанымды және еркін қарым-қатынасқа мүмкіндік беретін орта қалыптастырады.

Биылғы Jastar Fest елорда қоғамдық өміріндегі жарқын, мазмұнды әрі шабыттандыратын оқиғаға айналып, жастарға пайдалы білім, даму мотивациясы және ұмытылмас эмоциялар сыйлады.

МЕРЕЙТОЙ

БАЯНАУЫЛДАҒЫ ТОЙ

Биыл Баянауыл ауданында есімдері елге мәшһүр төрт бірдей тұлғаның мерейтойы аталып өтеді. 15-16 тамыз күндері Мойылды шатқалында этноауыл бой көтеріп, мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылады.



Ақын, композитор Жаяу Мұса Байжановтың 190 жылдығына, журналист, сатирашы Қадыр Тайшыковтың 125 жылдығына, жазушы Қалмұқан Исabayдың 100 жылдығына және кинорежиссер, композитор Қуат Әбусейітовтің 100 жылдығына орай Баянауыл жерінде мерекелік іс-шаралар өтеді.

— Өнердің дамуына әйгілі жерлестеріміз, мәдениет және өнер қайраткерлері зор үлес қосты. Бүгінгі жас буын олардың еңбегін білуі маңызды. Ал ғалымдар мен тарихшылардың қызметінің маңызды бағыттарының бірі — олардың Қазақстан мәдениетінің дамуына қосқан үлесін зерттеу, зерделеу және насихаттау. Осы себепті ауданымыздағы Мойылды шатқалында

үлкен той өтеді, — деп хабарлады Баянауыл ауданы әкімдігі.

Мерекелік шара аясында «Рухы биік тұлғалар» атты республикалық конференция, республикалық ақындар айтысы, дәстүрлі әншілер байқауы өтіп, қаламгерлер арасындағы шығармашылық және сатиралық байқаулардың қорытындысы жасалады. Ғылыми конференция жұмысына атақты жерлестеріміздің ұрпақтары, ғалымдар, жазушылар, оқу орындарының оқытушылары, тарихшылар, өлкетанушылар, музей, архив және кітапхана ісі мамандары қатысады.

Аталған мерекелік іс-шараларға республиканың әр түпкірінен мәдениет және өнер өкілдері келеді деп күтіліп отыр. Ауданда ат бөйгесі, ұлттық спорт жарыстары ұйымдастырылады.

БӨРЕКЕЛДІ!

ДЖЕННИФЕРГЕ КІЛЕМ СЫЙЛАДЫ

Қазақстандық суретші Әсел Бекжан Дженифер Лопеске ерекше арт-нысанды сыйға тартты. Естеріңізде болса, Әсел Бекжан кілемге портрет салу арқылы халық арасына кеңінен танылған еді. «Әлемдік жұлдыз Қазақстанда өнер көрсетеді» деген сәтте суретші Джей Лоның портретін кілемге салу туралы ойлана бастайды.



Оның сөзінше, әлемдік поп-жұлдызбен көзбе-көз жолығу мүмкін болмаған. Себебі ол әрдайым назарда болып, жанында қатаң күзет жүрген. Ал картинаны табыстауға Алматы қаласының әкімдігі көмектескен. Әдетте, 2 айдай уақыт кететін мұндай картина 1 апта жасалған. Композиция үшін суретші Дженифер Лопестің ең сәтті суретін таңдап, оған Алматының сұлбасын қосқан және түсі мен өрнегі үйлесетін кілем тапқан. Полотноның көлемі — 150×100 см болды.

— Мен қалың түкті маталарға арналған арнайы бояу қолданамын, тіпті кілемде қалай сурет салу керегі жөнінде өзімнің авторлық әдісімді жасап үлгердім. Бұл — граффити, классикалық техника және гиперреализмнің қоспасы. Ең қиыны — кілемге сурет салатын орын табу болды. Бояулардың иісі ашы, үйде жұмыс істеу мүмкін емес. Сондықтан суретті үйімнің алдында, картинаны қоршауға сүйеп қойып, көшеде салдым. Мольберт орнына төрт үлкен картон парағын пайдаландым,

ал картинаны кеңсе қысқыштарымен бекіттім, — деді суретші.

Әсел Бекжан картинаны әншінің тобына тапсырған. Ал Алматыда өткен концерттен кейін ол Дженифер Лопеспен фотосессияда жүздесуге мүмкіндік алды.

— Мен тізімде болмадым, сондықтан полиция бізді стадионнан төрт рет шығарып жіберді. Бірақ біз үмітімізді үзбей, қайта-қайта барып тұрдық. Ақырында жолымыз болды — тізімнің соңындағы адамдар келмей қалып, біз ішке кірдік. Бізден телефондарымызды тапсыруды сұрады. Дженифер бізбен амандасып, қол алысып, бірге суретке түсті. Мен оған портретін кілемге салып бергенімді айттым. Бірақ картинаны оның тобына табыс еткенімді түсіндіруге уақыт жетпеді, — деді ол.

Әнші сыйлықты әлі көрмесе де, Әселдің Instagram желісіндегі бейнежазбасын байқап, оны өз парақшасында Stories-ке бөліскен.

К. ЕСІМ

«Астана» телеарнасының ұжымы Шығыс Қазақстан облысындағы меншікті тілші Ирина Якунинаның ұлы Максим Дрёмовтың мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыра көңіл айтады.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албап АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАБЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ержақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Бағи ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklatama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-81-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4629
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.

• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданылмайды.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –

Көктем ҚАРҚЫН